

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ  
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 133 (9710)

1955 жылғы

6 июль

Сәрсенбі

Шығуына 36 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Советтік Қазақстанда (1-бет).  
ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: Б. Феденев.—  
Мектеп партия ұйымдарында партия  
жыйналыстарының ролі арттырылсын:  
Қ. Шұңғұлшин.—Партия ұйымы—та-  
бысты ұйымдастырушы (2-бет).  
Б. Жақыпов.—Булаев ауданында  
(2-бет).

П. БРАГИН.—Тепловоз пайдалануда-  
ғы кемшіліктер дереу жойылсын (2-бет).  
БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ  
ЕЛУ ЖЫЛДЫҒЫ. А. Тимофеевский.—  
Буржуазиялық-демократиялық револю-  
цияның социалистік революцияға ұла-  
суының лениндік теориясы (2-3-беттер).

ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУҒА БАРЛЫҚ РЕ-  
ЗЕРВТЕР ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНЫЛСЫН:  
Қ. Таубаев.—Шөп тасу баяу. Ә. Нұр-  
мұхамедов.—Пресновтағылар асығар  
емес (3-бет).  
В. Торгонский.—Комбайншы Станислав  
Андриевский (3-бет).  
Шетел хабарлары (4-бет).

## Пар жырту жоспарын орындау—әрбір колхоз, совхоздың басты міндеті

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысымен жігерленген облыс еңбекшілері көктемгі егісті мерзімінде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуде едәуір табыстарға ие болды. Егіс көлемінің көп ұлғайтылуына қарамастан көктемгі егіс жұмыстары табысты өткізілді.

Бұл күндері алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылық артельдерінің колхозшылары мен МТС, совхоз жұмысшылары егінді күту, мал қыстатуға дайындық, шөп шабу және егін жыйнау мен астық дайындауға әзірлік жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізуде. Сол сыяқты мұндай озат шаруашылықтар пар жыртуды және тың көтеруді де үлгілі ұйымдастыруда.

Пар жырту—ауыл шаруашылық жұмыстарының маңызды салаларының бірі. Пар жыртуды агротехикалық қолайлы мерзімде өткізу егіс жұмыстарын қысқа мерзімде, сапалы өткізуді ғана емес, онымен бірге, егіннен мол өнім алынуын қамтамасыз етеді. Мұны көптеген алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздардың талай жылдар бойғы тәжірибелері айқын дәлелдеп отыр.

Мәселен, Полудень ауданындағы «Прогресс» ауыл шаруашылық артели 1953 жылдың жазында пар жырту ісіне айрықша назар аударып, бұл жұмыс жөніндегі жоспардың кезінде және толық орындалуын қамтамасыз етті. Мұның өзі 1954 жылы көктемгі егісті қысқа мерзімде сапалы өткізуге және егіннен мол өнім алуға көмектесті. Бұл колхоз сол жылы ауарайының қолайсыздығына қарамастан дөңді дақылдардың әр гектарынан 14,2 центнерден өнім жыйнады.

Пар жыртуды кезінде өткізудің мұндай тиімділігін жете түсінген озат шаруашылықтар бұл жұмысты кезінде де ұйымшылдықпен жүргізуде. Мұндай шаруашылықтың қатарына Приешім ауданындағы Ворошилов атындағы, «Путь Октября» және «Путь Ленина» колхоздарын қосуға болады. Бұл колхоздар трактор қуатын жұмысқа сарқа пайдалану, тракторшылардың жұмысын екі сменада ұйымда-

жұмысының қарқыны баяу екендігін атап өткен жөн.

Июль айы—пар жырту жұмысын тыңғылықты ұйымдастырып, аяқтаудың қолайлы мерзімі. Сондықтан колхоз, совхоздардың барлық күш-мүмкіншілігі егіннен мол өнім алудың басты шарттарының бірі—пар жырту жұмысын қарқынды жүргізіп, бұл жұмысты осы айда толық және сапалы аяқтауды қамтамасыз етуге міндетті. Колхоз басқармалары, МТС, совхоз басшылары мен мамандары пар жыртудың жемшөп дайындау, егін жыйнауға әзірлік сыяқты аса күрделі жұмыстармен ұштастыра жүргізілуін қамтамасыз етіп, көкесі жылы егіннен мол өнім алудың негізі қалануына жеткізуге тиіс. Шынында да пар жырту жұмысын толық және сапалы аяқтау көкесі жылы егіннен мол өнім алуға келелі үлес қосқандық болуы табылады.

Пар жыртуды кезінде және сапалы аяқтау үшін ең алдымен бұл жұмыста жүрген тракторлардың екі сменада және өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Бұл үшін МТС, совхоз және колхоз басшылары трактор бригадаларын не қажеттің бірмен кезінде қамтамасыз етіп, әрбір трактордың күн сайын, смена сайын өнімді жұмыс істеуіне жетісетін болсын. Сонда ғана пар жырту жұмысын уақытында сапалы аяқтауға болады.

Жасыратыны жоқ, пар жыртуды сапалы өткізген шаруашылықтар жоқ емес. Пар жырту жұмысының жоспарын кезінде толық орындау—басты шарт. Бірақ, істелген жұмыстың нәтижелі болуы үшін яғни көкесі жылы егіннен мол өнім алу үшін пардың агротехникалық талаптарға сай, сапалы жырталуына баса назар аударылуы керек. Бұл жөнінде агрономдарға күрделі міндеттер жүктеледі. Олар пардың әрбір учаспақта сапалы жырталуын қадағалап, бақылап, трактор бригадаларына жұмысты сапалы жүргізу жөнінде нақтылы басшылық пен көмек көрсетуге міндетті.

Біздің облысымыздың совхоздары мен бірқатар колхоздарында пар тың есебінен көтеріледі. Демек, тың және тыңайған жерлерді тиімді пайдалану—



## Облыстық партия комитеті ССРО халықтарының спартакиадасына әзірлік туралы мәселе қарады

АҚМОЛА, (ҚазТАГ). Облыстық партия комитетінің бюросы ССРО халықтарының спартакиадасына әзірленудің барысы туралы мәселе талқылады. Облыстық спорт коллективтері тамаша физкультуралықтармен—жаңадан қоныстанушылармен толықты. Олардың арасында разряд алған 400-дей спортшы бар. Олар облыстың селолық жастары арасында бұқаралық спорт жұмысын жақсартуға көмектесті. Өткен жылы облыста 100-ге жуық жаңа спорт коллективтері құрылды. Бауман, Красногвардейск, Калинин, Изобильный және басқа совхоздарға жаңадан қоныстанушы әрбір екінші адам—физкультуралық.

Облыстың селоларында спорт базасы ұлғайып келеді. Калинин, Красивенск, Двуречный және басқа совхоздарда стадиондар салына бастады. Есіл ауданының орталығы—Қыйма селосында үлкен стадион салынып жатыр.

Спорттың әртүрлінен облыстық жарыстар, аудандық және облыстық спартакиадалар өткізу ұйғарылды. Жаттықтырушылар даярлауды жақсарту, село физкультура коллективтерінің спорт базасын нығайту жөнінде шаралар белгіленді.

## Москваның ғылыми қызметкерлері быйыл ұйымдастырылған совхоздарда

ОРАЛ, (ҚазТАГ). ССРО Жоғарғы білім министрінің экспедициялық тобы осыдан бір жыл бұрын Батыс Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында жұмыс істеген болатын, экспедицияның құрамында Москваның Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық Ғылыми академиясының және Москваның жерге орналастыру институтының ғылыми қызметкерлері болды. Экспедиция игерілетін жаңа жерлердің қорын белгілеуге, облыста ауыл шаруашылығын

## Егін жыйнау кезінде қолданылатын жаңа машина

Омск облысының Черлак астық совхозының механигі Острожко жолдас астық тазартатын машиналарды жетілдірумен көп жылдардан бері шұғылданып келеді. Оның кәсіргі қол шеялқалары негізінде жасаған механикаландырылған астық тазартқышы жұмысты сапалы істейтіндігімен ерекше көзге түседі. Алматының құю-механика заводында Острожко жасаған машинаның үлгісі бойынша астық тазартатын осы механизмнің бір үлгісі шығарылды. Оның жұмыс істеу принципі—желдеткіш-өлеуішті. Заводтың инженер-техник қызметкерлері мен жұмысшылары жаңа машинаны жасау процесінде оның конструкциясына бірқатар өзгерістер енгізді. Машинаның қозғалмалы бөлігі едәуір жақсартылды, оның мөлшері кішірейтілді, мұның өзі машинаны темір жол арқылы бір орындан екінші орынға жеткізуге мүмкіндік береді; барлық араш бөлшектерінің орнына темір бөлшектер орнатылды. Астықтың

түсуін қосымша реттейтін тетік енгізілді, анағұрлым қуатты желдеткіштер орнатылды. Машина комбайн моторына қуат алып жұмыс істейді. Астықты тиеу және түсіру механикаландырылған. Машина саратына 25-30 тонна астық өткізе алады.

Машинаның жасалуына эксперименттік аспаптар цехының бастығы Г. Карпенко басшылық етті. Оны жасауда слесарь-құрастыру бригадасының бригадирі П. Клименко, монтажшылар бригадирі В. Трубецкий, токарь Д. Водопьянов, слесарь А. Валенко және басқалары көп еңбек сіңірді.

Заводтың коллективі августқа дейін республиканың тың жерлердегі совхоздарына арнайы астық тазартатын 60 жаңа машина жасап беруге міндеттенді. Устіміздегі жылы Қазақ ССР Совхоздар министрінің Павлодардағы механика заводы осы типті 100 машина шығарады. (ҚазТАГ).

## Жазда картоп отырғызу

ШЫМКЕНТ, (ҚазТАГ). Шымкент ауданының Сталин атындағы колхозының оғаш өсірушілері жазда картоп отырғызуға кірісті. Алғашқы 17 гектар жерге картоп отырғызылды. Бұл жұмысты Шымкент ауданының Ворошилов атындағы, Тельман атындағы, Сайрам ауданының «Победа» колхоздары және басқа көптеген шаруашылықтар жүргізуде. Облыстық ауыл шаруашылық артельдері

быйыл жазғы мерзімде өткен жылдағыдан екі еседен аса көлемді жерге картоп отырғызуды белгіледі.

Оңтүстік Қазақстанда июльде отырғызылған картоп өнімді көктемде отырғызылған картоптан екі есе көп береді. Тіпті оғаш шаруашылығына қолайсыз деп есептелетін Шаян мен Фрунзе аудандарының жерлерінде жазда отырғызылған картоп гектарына 200 центнерден аса түйнек береді.

## Екі ауданның жарысы

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Семей облысының Ново-Шульба ауданы мен Шығыс Қазақстан облысының Шемонайхы ауданының ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің социалистік жарыста алған нәтижелерін

көрсеткіштерінен көптеген бағалы жаңалықтарды үйренді. Делегация Оңтүстік Уба шошқа совхозында құрылыс салудың озат әдістерімен танысты. Совхозда тұрғын үйлер, орта мектептің үйі, машиналар және

## 3.800 жас мұғалім

Қазақ ССР Оқу министрлігі республиканың педагогикалық училищелерін, педагогикалық және мұғалімдер институттарын бітірген жас мұғалімдерді жұмысқа бөліп орналастыруды аяқтады.

Қазақстандағы көптен келе жатқан жоғары оқу орны—Алматының Абай атындағы педагогикалық институтын бітіріп шығушы 300-дей адам быйылғы жылы орта мектептердің мұғалімдері дипломын алады. Олардың көпшілігі тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда жұмыс істеуге тілек білдірді. Мәселен, Ағиша Кенжеғалиева, Тиенбай Мұқанов, Николай Базиков және басқа жас педагогтер Көкшетау облысына барады.

Қазақтың мемлекеттік педагогикалық әйелдер институты—қазақ қыздарынан педагогтер даярлайтын оқу орны осымен педагогтердің сегізінші тобын даярлап шығарады. Институтты 150-ден аса адам бітіреді. Олардың тең жарымынан астамы жаңа жерлер игерілетін аудандардың селолық мектептерінде, көптеген адам мад отарларындағы мектептерде мұғалім болмақшы.

Қазақ ССР Оқу министрлігінің педагогикалық оқу орындарында тәрбиеленіп шыққан 3.800-ден аса жас мұғалімдер 1 сентябрьде алғашқы рет сабақ бере бастайды.

(ҚазТАГ).

## Балалар бакшасы мен яслилері селолық тұтынушылар қоғамының табысы есебінен салынды

САРЫАҒАШ, (Оңтүстік Қазақстан облысы) (ҚазТАГ). Сарыағаш ауданының Полторацкое селолық тұтынушылар қоғамы—Оңтүстік Қазақстандағы ең таңдаулылардың бірі. Ол товар айналымының жоспарын үнемі асыра орындауда, түсіріп тиеу пункттерінің санын азайту және транспорттың жүретін арнаулы маршрут



тыру нәтижесінде пар жырту жоспарын мерзімінде орындап шықты.

Бөптеген жаңадан ұйымдастырылған совхоздарда да пар жырту жұмысы тыңғылықты жүргізілді. Мәселен, Москворец совхозы тың жер көтеру жоспарын 1 июльге дейін екі еседен асыра орындады. Сол сияқты, Украин, Держинский атындағы, Тамань дивизиясы атындағы, Ильич атындағы, Заря совхоздарында да тың есебінен пар жырту жоспары кезінде толық орындалды.

Жоғарыда келтірілген фактілер облысымыздың барлық колхоздары мен совхоздарында пар жыртуды кезінде сапалы өткізуге әбден болатындығын айқын дәлелдейді. Алайда, облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздарында егістен мол өнім алудың басты шарттарының бірі пар жыртуды кезінде аяқтау жұмысы қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр. Бұған 1 июльге дейін пар жырту жоспарының облыс колхоздарында небары 52,1 процент қана орындалуының өзі айқын дәлел болады. Ал Петропавл ауданының колхоздарында пар жырту жұмысының қарқыны бұдан да көп баау. Сол сияқты Преснов, Совет аудандарының колхоздары мен совхоздарында пар жырту жұмысы мүлде қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр. Мұнымен қоса, облыстың ескі совхоздарында пар жырту

шылығын жасаудың ең басты шарты екендігі көпшілікке әбден мәлім. Сондықтан әрбір колхоз, совхоздың тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарын толық және артығымен орындауы— аса абройлы борыш.

Бұл күндері пар жыртумен бірге ерте жыртылған парды өңдеудің деркөзі туды. Алайда, ерте жыртылған парды өңдеу жұмысы облысымыздың колхоздары мен совхоздарында мүлде қанағаттанғысыз нашар ұйымдастырылып отыратындығын жасыруға болмайды. Колхоз, совхоздар мен МТС-тердің басшылары парды дискелеу, тырмалау жұмыстарын қарқынды және тыңғылықты ұйымдастыруға міндетті. Өйткені агротехникалық талаптар, егіннен мол өнім алу мүддесі осыны талап етеді.

Біз өз жұмысымызда науқаншылыққа, біржақтылыққа жол бермеуге тиіспіз. Рас, облыс колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындау және егін жыйнау, астық дайындау сияқты аса маңызды шаруашылық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Дегенмен пар жыртуды және жыртылған парды өңдеуді жоғарыда аталған аса маңызды шаруашылық жұмыстармен ұштастыра жүргізе білу—жергілікті партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық органдарының, колхоз, совхоздар мен МТС басшыларының басты міндеті.

### Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

## Бір миллион келуші

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің партия-шаруашылық активінің кеңесі алғашқы айдағы жұмыстың қорытындыларын талқылады. Бұл уақыттың ішінде көрмеде 1 миллионнан аса келуші, оның ішінде одақтың барлық республикаларынан, өлкелерінен және облыстарынан келген 60 мыңнан аса экскурсияшы болды. 12 мыңдай экскурсияшы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің қатысушылары болып табылады. Көрмеде мұнымен қатар 32 мемлекеттен келген 162 шетел делегациясы мен экскурсияшылары болды.

## Психология мәселелері жөніндегі Бүкілодақтық кеңес

Москваның мемлекеттік университетінде бірінші июльде РСФСР педагогика ғылым академиясының психология институты шақырған психология мәселелері жөніндегі Бүкілодақтық үшінші кеңесі ашылды.

Кеңестің мәжілістеріне 400-ден аса адам—ғылыми зерттеу мекемелерінің қызметкерлері, оқытушылар, көрнекті ғалымдар қатысып отыр. Олар еліміздің ірі қалаларынан келген.

Психология саласындағы зерттеу жұмысының жайы туралы психология институтының директоры профессор А. А. Смирнов баяндама жасады. Мұнымен қа-

кеңес көрмеде көрсетілген озат тәжірибе мен көрмеге қатысушылардың табыстарын насихаттау және бұларды өндіріске енгізуді жақсарту жөнінде шаралар белгіледі. Экскурсияшылардың уақыттың көпшілігін өздері ынталы ауылшаруашылық өндірісінің салаларын көріп, білуіне жұмсау үшін көрмені көрсету программасын қайта қарау ұйғарылды. Москвадан жүріп кетер алдында әрбір топпен қорытынды өңгімелер өткізіліп, озаттардың тәжірибесін колхоз бен совхоз өндірісіне енгізудің жоспарлары талқыланып отыр.

тар «И. М. Сеченовтың психологиялық көзқарастары және советтік психология ғылымы» деген тақырыпта СССР Ғылым академиясының мүше - корреспонденті С. Л. Рубинштейннің баяндамасы тыңдалды. Жалпы психологияның, балалар психологиясының, педагогикалық психологияның, еңбек психологиясының т. б. әртүрлі мәселелері жөнінен небары 90-нан аса баяндама тыңдалды. Психология жөніндегі бүкілодақтық кеңес 6 июльге дейін созылады.

(ТАСС).

өркендетудің перспективалық жоспарын жасауға көмектесті.

Москваның ғалымдары өздерінің зерттеу жұмысын быйыл онан әрі жүргізуде. Бұл үшін олар үстіміздегі жылы ұйымдастырылған Уралдың жағасында орналасқан «Ульяновский» және «Ақсу» астық совхоздарына жүріп кетті. Ғылыми қызметкерлер бұларда үш ай болып шаруашылықтардың экономикалық жағдайларын, жер қорын барынша толық пайдаланудың мүмкіншіліктерін жете талдап зерттейтін болады. Бұған қоса, мұнда қатты бидай, тары, жүгері, екле шөптер дақылдарын өсірудің агротехникасы жасалады.


## КӨЛГЕ ЖАСАЛАТЫН ЭКСПЕДИЦИЯ

Қазақ ССР Ғылым академиясының география секторының көлге жасалатын экспедициясы Көкшетау облысына жүріп кетті. Экспедицияның басшысы география ғылымының докторы Н. Н. Пальгов.

Көкшетау облысы, —деді ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде Пальгов жолдас, —Қазақстанда тың және тыңайған көлемді жерлер игеріліп жатқан ірі аудандардың бірі. Мұнда жүздеген көл бар. Олар аз зерттелген. Экспедиция Рузаев ауданы көлдерінің, оның ішінде ең үлкен су қоймалары—әрқайсысы 20 шаршы километрдей жерді алып жатқан Ұлықөл мен Бессойған көлдерінің режимін комплексті зерттейді.

Бұл зерттеу жұмыстары көлдерді жаңа астық совхоздарын сумен жабдықтауға пайдалану мақсатымен жүргізіледі.

(ҚазТАГ).



Павлодар облысы. Екібастұз көмір бассейні еліміздегі ең жас бассейндердің бірі. Екібастұз көмір разрезінің қызметкерлер коллективі еліміздің өнеркәсіп орындарына ай сайын жоспардан тыс бірнеше эшелон отын жөнелтіп отырады.

СУРЕТТЕ: көмір разрезінің жалпы көрінісі. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

орындауы өзара тексерулері болды.

Аудандардың өкілдері озат тәжірибені зерттеп білді, кемшіліктердің бетін ашты. Ново-Шульба ауданының Жданов атындағы колхозында болған шемонайлықтар жүгері егінінің шығымын және күтімі де жақсы екенін атап көрсетті. Бұл дақыл шаршы-ұялы әдіспен егілген. Оны күту жұмыстары үлгілі жолға қойылған—грамшөптер оталған, өсімдік сиретілген, сирек өскен жерге қосымша жүгері отырғызылған. Қонақтар мұнымен қатар Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша өңделген участоктердегі егіннің жағдайына да жоғары баға берді.

Ново-шульбалықтардың делегациясы

## Колхоздың спорт коллективінде

ГЕОРГИЕВКА, (Жамбыл облысы) (ҚазТАГ). Қордай ауданының «Путь Ленина» ауылшаруашылық артелінің жастары спортты ұнатады. Колхоздың спорт коллективі жүзден аса жігіттер мен қыздарды біріктіріп отыр. Колхоз физкультурашыларының жақсы стадионы, су бассейні, ипподромы бар. Селолық спортшылар қолдары бос уақытта волейбол, баскетбол ойнайды, жеңіл атлетикамен, велосипед

## Мұнайшылардың жазғы демалысы

ГУРЬЕВ, (ҚазТАГ). Быйылғы жылы Ембінің 400-дей мұнайшысы кәсіподақтың жолдамалары бойынша еліміздің арнаулы сауықтыру орындарында демалып та үлгерді. Доссор кәсіпшілігінің бұрғылаушысы Көршібаев, осы кәсіпшіліктің механика мастерскойының мастері Кор-


дентін мастерскоп, бұзау қора және басқа объектілер салынып жатыр. Олардың қабырғасы кірпіш пен тастан қаланады. Барлық құрылыс 1 сентябрьге дейін аяқталады. Фермаларда жемшөп сүрлейтін ұралар тез қарқынмен қазылып, олардың қабырғалары қапталуда.

Өзара жарысқа түскен аудандардың делегациялары мұнымен қатар колхоздар мен совхоздарда шөп шабуға, малды күтуге, егін жыйнауға әзірлікте еңбектің қалдай ұйымдастырылатындығымен, бұқаралық-саяси жұмыстың жайымен танысты. Тексерудің нәтижелері бойынша Шемонайхы ауданына бірінші орын берілді.

спортпен құмарта шұғылданады, ГТО значогіне норма тапсырады.

Колхоздың жақсы футбол командасы бар. Облыстың кубогін алу үшін болған 38 команда қатысқан жарыста «Путь Ленина» колхозының футболшылары бірінші орын алды. Физкультура мен спорт жөніндегі облыстық комитет колхоздың 13 футболшысына спорттық екінші разрядшы атағын берді.

чагин, Байшонас кәсіпшілігінің механикалық мастерскойының слесарі Айтқалиев жолдастар өздерінің кезекті демалысын Ялтада өткізеді, Байшонас мұнай кәсіпшілігінің мұнай шығару цехының операторы Уранов жолдас Гаграда дем алды.



Республикамыздың тың жерлер игеріліп жатқан аудандарында ең жаңа жабдықтармен жабдықталған ірі элеваторлар салынуда. Ақмола облысындағы Атбасар элеваторының құрылысшылары жуырда екі өндіріс корпусын пайдалануға берді.

СУРЕТТЕ: Атбасар элеваторының жалпы көрінісі.

Суретті түсірген В. Савостьянов.

судың өзіндік құнын кемітуде. Мұның нәтижесінде кооперацияның табысы үнемі артып келеді. Өткен жылы табыс жарты миллион сомға жетті. Дағдыда табыстың төрттен бір бөлегі жарнашыларға беріледі. Ал быйыл жарнашылар —«Красный восток» ауылшаруашылық артелінің мүшелері селолық тұтынушылар қоғамының басқармасына бөлінуге тиісті. 125 мың сом табысты балалар бақшасы мен яслин салып, оларды жабдықтауға жұмсау жөнінен ұсыныс енгізді. Басқарма бұл өтінішті қанағаттандырды.

60 балаға арналған балалар бақшасы мен яслинің үйін салу жұмысы аяқталды. Үйдің жанынан балалар паркі жасалды, су қоймасын салу аяқталып келеді.

## ҚАЛАЛЫҚ ЖАҢА ГАЗЕТТЕР

ҚАРАҒАНДЫ, (ҚазТАГ). Саран қалалық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттарының қалалық Советінің органы —«Голос шахтера» газетінің бірінші номері шықты.

Номерде «Газет оқушыларымызға» деген тақырыпта басмақала берілген. Саран қалалық партия комитетінің секретары Зимица жолдастың «Қалалық партия ұйымының маңызды міндеттері» деген мақаласы, Васютин жолдастың кешкілердің жаңа поселкесі Шерубай-Нұра туралы очеркі және басқа материалдар жарияланған.

Мұнымен қатар қалалық «Джезказганский рабочий» газетінің де бірінші номері шықты.

Қалалық жаңа газеттер аптасына үш рет шығып тұратын болады.



## ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Мектеп партия ұйымдарында партия жыйналыстарының ролі арттырылсын

Партия жыйналысы әрбір бастауыш партия ұйымының ең жоғарғы басқарушы органы болып табылады. Кәсіпорындары мен мекемелерде, колхоздарда, совхоздарда, оқу орындарында, — партия ұйымы бар жердің бәрінде де коммунистер мәселелерді бірлесіп шешу үшін жыйналады. Бұл коммунистердің қатарына топтастырып, олардың өз ұйымы алдындағы жауапкершіліктерін арттырады, әрбір коммунистің өзін бір тұтас коллективтің бір мүшесі екендігін сезінуіне мүмкіндік береді.

Партия жыйналыстарында партия тұрмысының, саяси және жергілікті өмірдің барлық аса маңызды мәселелері кеңінен талқылануға тиіс. Егер партия ұйымы бұқарамен тығыз байланысты болса, ондәріс мәселелеріне терең үңілетін болса, белсенді саяси өмір сүретін болса, онда ол партия жыйналыстарында талқылануға тиісті қызығлықты және маңызды мәселелерді күн тәртібіне қоя алады. Аудандық партия комитеттері партия ұйымдарының бұл саладағы инициативасын кеңінен қолдап отыруға міндетті. Ал барлық жыйналыстардың да күн тәртібіне қойылатын мәселелерді жоғарыдан ұсынбау керек.

Партия жыйналыстарын олар ұйымдастырушылық және тәрбиелік маңыз алатындай етіп дайындау керек. Ал мұның өзі көбінесе жыйналысқа дайындықтың алдынала жүргізілуіне, ондағы күн тәртібіне, баяндамашыға, коммунистер мен партия ұйымы басқарушыларының белсенділігіне байланысты. Қайсыбір мәселе жөнінен партия жыйналысы қарар қабылдағаннан кейін атқарушы органдар (партия комитеті, партия бюросы, партия ұйымының секретары) бұл қарарлардың орындауын дереу ұйымдастырып, оның орындалуы туралы келесі партия жыйналысында коммунистерге хабарлап отыруға тиіс.

Партия жыйналыстары жабық немесе ашық болуы мүмкін. Әдетте, партия жыйналыстары жабық болуға тиіс. Алайда тек осы негізде ғана партияда жоқ активтерді қатыстыру арқылы ашық партия жыйналыстарын өткізбеу мүлде қате болған болар еді. Тек ашық жыйналысты ғана емес, сонымен бірге аса маңызды мәселелерді талқылау үшін жабық жыйналыстары да шақыруды қажет деп таппайтын партия ұйымының секретарылары жұмысты нашар істейді деп күні бүрын-ақ айтуға болады. Өйткені тәжірибе партия

жыйналыстары жоқ жерде партиялық жұмыстың да болмайтынын көрсетіп отыр. Сондықтан да партия жыйналыстарын әзірлеу және өткізу ісіне бақылау жасау аудандық партия комитеттерінің аса маңызды міндеті ретінде қаралуға тиіс.

Аяқталған оқу жылында (әсіресе үстіміздегі жылдың бас кезінде мектеп партия ұйымдары секретарьларының облыстық семинары өткізілгеннен кейін) біздің облысымызда мектеп партия ұйымдарының қызметі едәуір жақсарды. Партия ұйымдары мектеп өмірінің барлық салаларына терең ықпал жасай бастады. Мектеп партия ұйымдарының көптеген секретарьлары өздерінің міндеттерін дұрыс түсініп, партия жыйналыстарының талқылануына маңызды және кезек күттірмейтін мәселелерді қойып отырды. Партия ұйымдары партия жыйналыстарында талқыланатын мәселелердің өрісін кеңейте түсіп, сөйтіп педагогикалық коллективтерді мектептің бағыт міндеті — оқушыларға коммунистік тәрбие беру міндетін шешуге бағыттап отырды.

Совет ауданының Смирнов орта мектебі жанындағы партия ұйымында (секретары Мұқатаев жолдас) партия жыйналыстарын өткізу практикасын әбден мақұлдауға болады. Мұнда партия жыйналыстары жүйелі түрде, кем дегенде айына бір рет өткізіледі. Онда партия тұрмысының аса маңызды мәселелері талқыланады. Мәселен, өткен оқу жылында партия жыйналыстарында партия тұрмысынан 11 мәселе және мектеп өмірінен, атап айтқанда, класс жетекшісінің жұмысы туралы партия ұйымының оқу-тәрбие жұмысын жақсартудағы міндеті туралы, оқушылардың комсомол ұйымдары жұмысының жайы туралы, жергілікті кәсіподақ ұйымының оқушыларға сапалы білім және тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы, емтихандарға әзірлік туралы, мектеп жанындағы тәжірибе участогіндегі жұмыстың жайы туралы, — барлығы 7 мәселе талқыланды. Әдетте партия жыйналыстарына коммунистер түгел қатысады. Коммунистердің дұрыс ұсыныстары жыйналыстың қарарларына енгізіледі, ал бұл қарарлар көбінесе нақтылы болып келеді. Сондықтан да бұл мектептегі партия жыйналыстары аса зор ұйымдастырушылық және тәрбиелік маңызы зор болып өтіп келеді. Мұның сыры — жыйналыстар күнібұрын әзірленеді, партия

ұйымының секретары жыйналысқа барыпша байыптылықпен және жауапкершілікпен қарайды. Ал партия ұйымының кемшілігі ретінде мынаны көрсетуге болады: өткен оқу жылында мұнда ашық партия жыйналыстары бірде-бір рет өткізілген жоқ. Ал мұндай жыйналыстарға партияда жоқ мұғалімдер қатысып, онда құнды-құнды ұсыныстар да жасаған болар еді.

Алайда облысымыз бойынша алғанда жекелеген мектеп партия ұйымдарында партия жыйналыстарын әзірлеу және өткізу мәселелерінде елеулі кемшіліктер бар. Мысалы, сол Совет ауданының өзіндегі Қыялы орта мектебі жанындағы партия ұйымында өткен оқу жылында партия жыйналысы небары төрт-ақ рет өткізілді. Ал осы аз жыйналыстардың өзінде де мектептің, ондағы комсомол және кәсіподақ ұйымдарының өмірінен бірде-бір мәселе талқыланбады. Ашық партия жыйналыстары өткізілген емес. Бірнеше жылдар бойы партия ұйымы өспей келеді. 1953 жылдан бастап партия ұйымының жұмыс жоспарлары жасалған емес. Жоғарғы партия органдарының директивалары мен хаттарын партия ұйымының секретары Мосунов жолдас коммунистерге хабарламайды. Мектептің педагогикалық коллективі үлкен. Алайда бұл коллективте партия ұйымы ешқандай да роль атқармайды, оның коллективке жанды ықпалы жоқ.

Совет мектебі алдына партия қойған міндеттер халық ағарту ісін онан әрі арттыруды, мектептерде бүкіл оқу-тәрбие жұмысын жақсартуды талап етеді. Мұны басшылыққа ала отырып, мектеп партия ұйымдары жаңа оқу жылында коммунист мұғалімдердің авангардтық ролін үздіксіз арттырып, мұғалімдер мен оқушылар коллективтерін мектептегі оқу-тәрбие жұмысын күшейтуге жұмылдырулары керек.

Аудандық партия комитеттері мектеп партия ұйымдарына әсіресе партия жыйналыстарын өткізу мәселелері жөнінен көмек көрсетіп отыруға, сөйтіп мектеп партия ұйымдарының жұмысын неғұрлым мазмұнды және мектептердің негізгі міндеті — жас жеткіншектерге коммунистік тәрбие беру ісіне бағыттап отыруға міндетті.

**Б. ФЕДЕНЕВ.**

Облыстық партия комитетінің нұсқаушысы.

## Булаев ауданында

## Жүннен мол табыс

«Вторая пятилетка» колхозы быйыл қойдан жүнді мол алды. Мемлекетке берілген жүннің 75 проценті биязы жүн. Колхоз өткен жылы мемлекетке жүн сатудан 91800 сом кіріс тапса, быйыл 124300 сом кіріс алып отыр. Тапсырылған жүнге колхоз бір жүк автомашинасын алды.

## Кинотеатр құрылысы

Аудан орталығында 250 кісілік орны бар кинотеатр үйінің құрылысы басталды. Құрылысшылар бұл күндерде қажырлы еңбек етіп, жұмыс қарқынын қыздыра түсуде. Кинотеатр үйінің құрылысы быйыл аяқталып, ол пайдалануға берілетін болады.

## Автомашиналар саны

## көбейде

Аудан колхоздарында жүк тасыйтын және жеңіл автомашиналардың саны жыл сайын көбейде. Жуырда «Победа» және Сталин атындағы колхоздар «Победа» машинасын, Калинин атындағы колхоз «ГАЗ-69» автомашинасын сатып алды. Ленин атындағы және Стаханов атындағы колхоздар мемлекетке сатқан ет үшін жүк тасыйтын автомашина алды.

## Совхоздың көрмеге

## қатысушылары


Чистов астық совхозы өткен 1954 ауылшаруашылық жылын табыспен аяқтады. Мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын өркендетуде ерекше табысқа жеткендерден 60 адам Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне баратын болып бекітілді. Бұдан 29 адам мал шаруашылығында еңбек ететін колхозшы. Көзір оннан астам адам көрмеге барып келді. Олардың ішінде В. Кийко, Е. Фель, сауын сыйырлар гуртының бригадирі О. Молдағұлов, бұзау күтуші Кондратова және басқалары бар.

## Балалар лагері

Чистов совхозына жақын қалың орманның табиғаты ең көркем жеріне ауданаралық балалар лагері орналасқан. Онда көзір Булаев, Полудень және Конохов аудандарының МТС, совхоздарынан 161 бала дем алып жатыр.

## Қамыстан жасалған плита

Ұзынкөл совхозы өткен қыста едәуір қамыс дайындаған болатын. Совхоз мамандары қамыстан плита жасайтын арнаулы станок жасады. Көзір ұзынкөл 2,5 метр, қалыңдығы 70 сантиметр



Петропавлдағы шағын двигательдер зауытының фрезеровщиці Т. Ильина өнеркәсіп қызметкерлерінің үлдеуіне жауап бере отырып еңбек өнімділігін барған сайын арттыра түсуде. Ол смена сайын біржарым-екі нормадан орындап жүр.

СУРЕТТЕ: Т. Ильина жолдас өзінің станогімен кезекті тапсырманы орындау үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Тепловоз пайдаланудағы кемшіліктер дереу жойылсын

Петропавл темір жол торабына жаңа тепловоздар келіп олардың алғашқы бір тобының пайдалануға беріле бастағанына айдап астам уақыт өтті. Көзір темір жол торабындағы тепловоздар саны күннен-күнге көбейе түсуде.

Жол торабына келген локомотивтердің жаңа түрін неғұрлым рентабельді пайдалану үшін паровоз депосын тепловоздарды пайдалануға тез және жан-жақты дайындықпен көшірудің маңызы өте-өте зор болып табылады. Темір жол транспортының аса пайдалы техникасын халық шаруашылығына қажетті жүктер тасымалдауға пайдаланған Ташкент, Орынбор, Орджоникидзе, Рязань—Орал деполарының жұмыс тәжірибелері паровоздан гөрі тепловоз пайдалану әдісінде тиімді екенін дәлелдеп отыр. Мұнда ең алдымен тепловоз пайдаланылатын деполар жақсы жабдықталып, тепловоздарды жөндеу, байқаудан өткізу, пайдалану ісі дұрыс жолға қойылған.

Әдетте, тепловоздарды пайдалануға беру үшін оны қамтытын арнаулы мамандар — тепловоз жүргізуші, жөндеуші және басқа да кадрлар жеткілікті болуға тиіс. Сол сияқты тепловоздарды профилактикалық байқаудан, күрделі немесе жеңіл жөндеулерден өткізетін және ол жұмыстарға қажетті құрал-жабдықтар, запас бөлшектер депода жеткілікті болғаны жақ.

Міне, осы шаралар толығымен жүзеге

асуы үшін тепловоздар тұратындай етіп қайтадан жабдықтау қажет еді. Сондай-ақ жаңадан жабдықты, немесе жөнделіп дайындалатын орындар жаңа локомотивтерді сақтау, пайдалану инструкцияларына сәйкестілігі жүргізілуі керек еді. Солай бола тұрса да, жұмыстың бұл маңызды саласы әлі күнге дейін бетімен жіберілген. Мәселен, двигательдердің форсуноктерін тозаңнан тазарту ісі көзір паровоз депосының автомат цехында жүргізіледі. Ал бұл цехта слесарьлық және басқа да алуан түрлі жұмыстар істелінеді. Сондықтан да мұндағы дизельдердің тазаланған тетіктеріне тозаң, құм тас, металл ұнтақтары тағы басқа да заттар түсіп, ол тетікті істен шығаруы мүмкін. Бірақ бұл қолайсыз жағдайды жол торабының бөлімше басшылары ескермейтін сияқты.

Депоның лабораториясында тепловоздарды пайдаланғанда оларда жағылатын жағар және жанар май, су тағы басқалардың анализін уақытында алып, бақылап отыратын құралдар атымен де жоқ. Мұнда су салқындатқыш, блоктар мен цилиндрлердің жұмыстарын байқау аспап-саймандар да жеткіліксіз.

Жол торабының тепловоздарға экипировка жасайтын шаруашылығы жұмысты өз дәрежесінде істей алмай келеді. Мұнда, әсіресе тепловоздарға құйған жанар майларға су араласып кету, тозаң

Партия ұйымы — табысты ұйымдастырушы



артелі Ленин ауданындағы көп салалы шаруашылығы бар колхоздың бірінен талалады. Артель мүшелері партия мен үкметіміздің ауыл шаруашылығын оған өрі еркендете беру жөніндегі қаулыларын орындау жолындағы күресте бірқатар жұмыстар жүргізіп келеді. Көзір колхозшылар мен Куйбышев атындағы МТС-тің механизаторлары өздерінің негізгі күшін қорғандық мал шаруашылығы үшін жемісін дайындау мақсатына жұмсауда. Жемісін дайындау жұмысы бұл колхозта қолжесті түрде ұйымдастырылған. Шөл шабу, пішен жыйнау және оны майлау, мал қорасына тасу жұмыстары бір-біріне ұштастырыла жүргізіледі.

Колхоз бастаушы партия ұйымы ауыл шаруашылығындағы осындай аса жауап-

рлің бұрынғыдан да күшейте түсті. Колхозшылар мен механизаторлар арасында саяси-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстары тығызлықта жүргізіліп келеді. Партия ұйымы колхоз шаруашылығына басшылық етуде бастаушы комсомол ұйымына және колхоз активіне сүйенеді. Партия ұйымы жүргізген жұмыстардың нәтижесінде колхозшылар мен механизаторлар арасында социалистік жарық кең өрістетілуде.

Бұл күндері колхозшылар мен механизаторлар арасында 12 үгітші жұмыс істеп жүр. Олар күн сайын дала қостарына барып, әңгімелер өткізеді, газет, журналдар оқиды. Үгітшілер сонымен бірге колхозшылар мен механизаторлардың со-

сеткіш тақталарын ұйымдастыру, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығару ісімен шұғылданады. Үгітші Ольга Бузулжана, оқу үйінің меңгерушісі Петр Сербин жолдастар-өздерінің нәтижелі жүргізген үгіттері арқасында көпшіліктің құрметіне бөленуде.

Көзір колхоз партия ұйымы еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұнын шөл шабу науқанының қарқынын күшейту егін күту және оны жыйнауға әзірлік жұмыстарын тығызлықта ұйымдастыру мақсатына бағындырып отыр.

**Қ. ШҰҢҒҰЛШИН,**  
(82 тілшіміз).

метр, қабырғаны да сапалы етіп жасауда. Аз күнде бұл бағалы құрылыс материалынан совхоз кеңесі және балалар яслиі салынатын болады.

### Жаңадан қоныстанушыларға

көмек

Комитеті атындағы колхозға Белорус республикасынан 32 семья келді. Алғашқы күннен бастап бұлар колхоз өндірісінде жақсы еңбек етіп жүр. Колхозда арнаулы құрылыс бригадасы ұйымдастырылып, көзір олар жаңадан қоныстанушылар үшін тұрғын үйлер сала бастады.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**

ге асырылып отырғанда ғана қолда бар тепловоздарды өндіріске өнімді пайдалануға болады.

Алайда, Петропавл темір жол торабының паровоз депосын тепловоз пайдалану базасына айналдыру жұмысы төзгісіз нашар жүргізілуде. Мұнда күні бүгінге дейін тепловоздардың жылыту аппараттарын, дизельдер мен электр жабдықтарын, тепловоз күшін жүйелейтін реостаттар жасап шығаратын, тепловоздарға керекті тетіктерді ауыстыратын арнаулы бригадалар ұйымдастырылмаған. Керек десе, тепловоздардың аккумулятор батареяларын зарядтау агрегаты орнатылып, пайдалануға берілмеген.

Паровоз депосының біраз бөлегін теп-

түсу тағы басқа да фактілер жиі кездесіп жүр. Мұның негізгі бір себебі дизель майларының көмір қоймаларына жақын жерде сақталуынан деуге болады. Петропавл темір жол торабы мен Омск темір жол торабы басшылары бірлесе отырып, жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді дереу жойып, бұдан былайғы күндерде кездестірмеудің нақтылы шараларын белгілеп, жүзеге асыруға тиіс. Сөйтіп олар Петропавл паровоз депосын тепловоздарды пайдалануға жан-жақты дайындап тепловоздардың неғұрлым өндірісте бөгетсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

**П. БРАГИН,**  
Харьков тепловоз жасау заводының өкілі.

### Бірінші орыс революциясының елу жылдығы

## Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуының лениндік теориясы

### 1. В. И. ЛЕНИН БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ СЫЙПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Россиядағы 1905-1907 жылдардағы революция империализм дәуіріндегі тұңғыш халықтық революция болды. Империализм дәуірі бұл революцияға өзінің белгілі бір ізін қалдырды. Бұл революция өзінің әлеуметтік-экономикалық мазмұны жағынан буржуазиялық-демократиялық революция болғанымен, оның бұрынғы буржуазиялық-демократиялық революциялардан бірқатар ерекшеліктері болды.

Ол кезде патшалық Россия әбден қалыптасқан капиталистік ел, бірақ крепостнистіктің ең күшті сарқыншақтары әлі де сақталған ел болған еді. Ол империализмнің барлық қайшылықтарының ас-тасқан жері болды, бұл қайшылықтардың ішінде пролетариат пен буржуазия арасындағы қайшылық бәрінен де күшті болғандықтан, Россия өз ішінде социалистік революцияға ұласа алатын буржуазиялық-демократиялық, халықтық революция жасау жағдайы анағұрлым зор дәрежеде пісіп жетіп ел болды. Мұның өзі Россияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының бүкіл барысымен байланысты еді.

Россиядағы монополистік капитализм экономика мен саяси құрылыстары крепостнистіктің сарқыншақтарымен тұйық, ұштасты. Патшалық самодержавие және помещиктік жер иеленушілік осы сарқыншақтардың ең бастылары болды.

Патшалық Россияда жұмысшыларды капиталистік қанаушылықтың ең қатал және мейрімсіз формалары қолданылды.

Шаруалар үнемі мұқтаждыққа ұшырап, күйзелді. Жаңды және прогрестік істің бәрін жаныштап тұншықтырған патшалық самодержавиедің озбырлығы помещиктер мен капиталистердің езунілігін күшейте түсті. Патша Россияда мекен-дейін орыс емес халықтарды өрескел езу саясатын жүргізді. Орыс емес халықтардың еңбекші бұқарасы өмісжақты езуніліктен — өз помещиктері мен капиталистерінің езунілігінен және орыс помещиктері мен капиталистерінің езунілігінен бірдей жапа шекті. Орыс патшасы соғыстық-феодалдық империализм болды. Осының бәрі халық бұқарасының жағдайын төзуге болмайтын халге ұшыратып, әлеуметтік қайшылықтарды өрескел күшейтті және тереңдете түсті. Революциядағы тап күштерінің ара салмағы да осыдан туды.

Батыстағы буржуазиялық революцияларға қарағанда, Россиядағы халықтық революцияның басшысы және қозғаушы басты күші пролетариат болды. Россия пролетариатының сан миллиондаған шаруалар бұқарасы сыяқты өзінің табиғи одақтасты болды. Жұмысшы қозғалысының өрістеуінен шошынған және көптеген сабақтар арқылы патшамен байланысқан орыс буржуазиясы революцияда контрреволюцияшы күш ретінде қыймыл жасады.

Партияның стратегиясы мен тактикасын белгілеген кезде Ленин бастаған большевиктер буржуазиялық-демократиялық революциядағы тап күштерінің осы жаңа ара салмағын ескере алды. Большевиктердің стратегиялық және тактикалық жоспары буржуазиялық-демократиялық

революциядан социалистік революцияға көшу мүмкін деп көрсетті.

В. И. Ленин және онымен пікірлестер революция жөнісінде патшаны құлатып қана қоймай, сонымен бірге социализмге жол ашуға және дүниежүзілік империализмнің түпкі негізін шайқалтуға тиіс деп санады. Большевиктер Россияның сол кездегі жағдайда дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығына айнала бастағанын, ал Россия пролетариаты халықаралық пролетариаттың авангарды бола бастағанын көрді. Большевиктердің революциядағы бүкіл тактикасының негізгі бағыты міне осында болды. Россиядағы революция туралы мәселе жөнінде большевиктер мен меньшевиктер арасында туған алауыздықтардың түпкі тамыры да осында болды.

Ленинге қарсы шыққан меньшевиктер Россиядағы революцияға бұрынғы буржуазиялық революциялардың әншейін қайталанған түрі және ол тек абсолютизмді құлатып, буржуазияның үстемдігін орнатуға ғана бағытталған қозғалыс деп қарады.

Лениннің тарих алдындағы ұлы еңбегі мынада: ол бірінші орыс революциясы өрістей бастаған кезде меньшевиктер мен батыс еуропалық оппортунистер тактикасының реформалық мәнін ақырына дейін әшкерелеп, большевиктік тактиканы дәнекерлендіріп дәлелден берді. Коммунистік партияның саяси (тактикалық) негіздерін жасады.

Марксизм тарихында тұңғыш рет В. И. Ленин империализм дәуіріндегі буржуазиялық-демократиялық революцияның ерекшеліктері, оның қозғаушы

күштері және перспективалары туралы мәселені талдап шешті. Россияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына ғылыми талдау жасау және дүниежүзілік революциялық қозғалыстың төзгірлігіне сүйену негізінде В. И. Ленин буржуазиялық-демократиялық революциядағы пролетариаттың гегемондығы идеясын жан-жақты дәлелдеді және ілгері дамытты, сөйтіп бұл идеяны большевиктік стратегия мен тактиканың негізі етіп алды.

В. И. Ленин пролетариат басшылық роль атқаратын жұмысшы табы мен шаруалар одағының идеясын жан-жақты талдап шешті және бұл таптардың одағы халықтық революцияның жеңіп шығуының даусыз шарты болып табылатынын көрсетті. Жұмысшы табы мен шаруалар одағының лениндік идеясы большевиктік, революциялық тактиканың және меньшевиктік, оппортунистік тактиканың арасында айқын айырғы берді.

### 2. В. И. ЛЕНИН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ СОЦИАЛИСТИК РЕВОЛЮЦИЯҒА ҰЛАСУЫ ТУРАЛЫ

Орыс революциясының ерекшеліктерін ескеріп және пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы гегемониясы идеясын дамыта отырып, Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» дейтін өзінің классиктік еңбегінде орыс марксистеріне буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуының айқын перспективасын көрсетіп берді, сөйтіп маркстік ғылымды пролетариат революциясының жаңа теориясымен байытты.

В. И. Ленин былай деп саяхыды: буржуазиялық-демократиялық міндеттер орындалысымен-ақ іле-шала пролетариаттың және оның соңынан ерген қаналушы шаруалар бұқарасының социалистік революция жолындағы күресі басталуға тиіс. Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісінде тек

социалистік төңкеріс жасаудың бірінші қадамы ғана деп қарады. Россияда пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы революцияны оған әрі ілгері бастырып, оның жалпын Еуропаға да тарату үшін, Россия пролетариатының өзінің саяси саналылығын көтеруіне, қарулануына, күрескерлердің халықаралық ұлы армиясына ұйымдасуына, міне осыдан кейін социалистік революцияға тікелей көшуіне мүмкіндік беру үшін қажет болды.

Орыс революциясының бұлай дамуын Ленин пролетариаттың империализм дәуіріндегі тап күресінің жаңа жағдайларымен, Россияда бір мезгілде қатар өрісетін әлеуметтік екі соғыспен (крепостнистіктің барлық қалдықтарына қарсы соғыспен және капитализмге қарсы соғыспен) байланыстырды. Ленин революцияның бұлайша дамытылуын, пролетариат революцияның гегемонды ролінде қыймыл жасап, ал шаруалар оның табиғи одақтасты болып отырған жағдайда, революциядағы тап күштерінің қолайлы орналасқандығымен байланыстырды.

Міне бұл жағдайда Ленин айтқан әлеуметтік екі революция бір-бірімен жақындаспай қоймайтын еді, оның тағы бір себебі сол, бұл соғыстардың екеуінде де басшылық роль пролетариаттың қолында болды.

Әлеуметтік соғыстардың біріншісі Россияда аграрлық мәселені шешуді өзінің экономикалық негізі етіп қойды. Бұл үшін ең алдымен помещиктердің ірі жер иеленуін жойып, елдегі бүкіл жерді национализациялау жерек еді. Ол кезде Россияда жер иеленудің жайы мынадай болатын: 11 миллион үйден асатын еңбекші шаруалар (кедейлер мен орталар) шамамен 70 миллион десятина жер, яғни 30 мың помещиктің иеленгеніндей ғана жер иеленді. Помещиктер қанша жерді иеленген болса, шаруалар буржуазиясы (кулактар) мен капиталистік фермерлер де сонша жер иеленді. Жер иелену осылайша бөлініп отырғанда, ша-

руалардың жер үшін және помещиктерге қарсы күрес жүргізуі даусыз еді. Ал пролетариат бұл күресті ақырына дейін аяқтап шығуға мейлінше мүдделі болды, өйткені помещиктердің экономикалық және саяси күштерін әлсірету басқа бір әлеуметтік соғысты, қаладағы және деревнядағы капитализмге қарсы соғысты, социализм жолындағы соғысты ойдағыдай жүргізуді қамтамасыз ететін еді.

Мұнымен бірге Россияда жер иеленудің бөліну тәртібі, помещиктерге қарсы және жер үшін жалпы шаруалар күресінің үстіне, осындай жағдайда дәулетті және кедей шаруалар арасында таптық антагонизмдердің туа бастағанын және социалистік төңкеріспен ұштасатын бұл күресте кедей шаруалардың қала пролетариаты жағында қыймыл жасап, пролетариаттың қайымы алғанда бүкіл капиталистік меншігін құртуға бағытталған социалистік революция жасауына көмектесетінін көрсетті.

Деревнядағы тап күресінің дамуындағы осы жалпы бағытты көзегендіктен болжап біліп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Бізге, пролетариат партиясына, неғұрлым тезірек жаңа және жоғары міндетке — социалистік революцияға көшу жеңіл болуы үшін, барлық күшімізбен бүкіл шаруалардың демократиялық революция жасауына көмектесеміз» (В. И. Ленин. Шығармалар, 9 том, 237-бет).

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ойдағыдай ұласуы үшін, экономикалық тұрғыдан алғанда, жерді национализациялау сыяқты шараның орасан зор маңызы болды. Бұл шара крепостнистік қатынастардың қалдықтарын анағұрлым толық құртуға, сөйтіп Россияның экономикалық және саяси жағынан дамуын ілгері бастыруға күшті қозғау салуға тиісті еді. Бұл шара жаңа күрес үшін негіз әзірлеуге, революциядағы тап күштерінің жаңа ара салмағын тудыру ісіне атсалысуға, сөйтіп буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуына көмектесуге тиіс



# Жемшөп дайындауға барлық резервтер толық пайдаланылсын!

## Шөп тасу баяу

Ковшов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының пішеншілері шөп шабуды ұйымшылдықпен жүргізуде. Тракторшы К. Миллер жолдас «СТЗ» тракторына тіркелген үш машинамен күніне 20 гектардың орнына 25-30 гектар жердің шөбін шауып жүр. Колхозда шабылған шөпті жыйнауға да механика күші өнімді пайдаланылып келеді. Тракторшы Рейсовых жолдас кеңалымды тырнауышпен күн сайын 64-67 гектар жердің пішенін жыйнап, тапсырмасын үнемі асыра орындайды.

Машинашылар К. Камитов, М. Семченко, В. Провец, Р. Галин жолдастар шөп машиналарын ұқыпты ұстап, техникалық жағынан жарамсыз болып босқа тұруына жол берген емес. Сонымен бірге машинашылар шалғыларды үнемі өткір етіп ұстап, шөпті барынша төмен шабады. Сөйтіп әрбір гектар шабындықтан пішеннің көп алынуына өз үлестерін қосуда.

Бірақ колхоз басшылары мал қоралары жанына шөп тасуды ойдағыдай ұйымдастырмай келеді. Колхозда 30 арба бар. Ал қоралар жанына шөп тасуға олардың алтауы ғана пайдаланылады. № 1 өндіріс бригадасының қарамағындағы 17 арбаның бірде-бірі шөп тасуға пайдаланылмайды. Бригадир А. Жаланбаев жолдас бұл арбаларды шөп тасуға пайдалануды ұйымдастыру, жарамсыз арбаларды жөндеу ісімен шұғылданбай-ақ келеді. Колхоз басқармасы (председателі Жолболынов жолдас) жемшөп дайындауда орын алған мұндай кемшіліктерді жою шараларын белгілемей отыр. Шөп тасу жұмысына қолда бар мүмкіншіліктерді барынша тиімді пайдалануды бригадирлерден қатты талап етпейді.

Жемшөп дайындауды үлгілі ұйымдастырып, қорамдық малды азықпен толық қамтамасыз ету — кәзіргі басты міндеттердің бірі. Олай болса, колхоз басшылары пішен дайындаудағы кемшіліктерді дереу жойып, еңбек өнімділігін арттыру шараларын белгілеп, жүзеге асыруға міндетті.

Қ. ТАУБАЕВ.

## Норманы асыра орындайды

Булаев МТС-нің қамтуындағы колхоздар қорамдық мал үшін 50 мың тонна жемшөп әзірлеуі керек. Бұл істе МТС механизаторлары колхозшыларға нақтылы көмек көрсетуде. Мәселен, коммунист

## Пресновтағылар асығар емес

Преснов ауданының колхоздары мен совхоздарының шөп шабуға кіріскеніне бір айға жуық уақыт өтті. Аудан бойынша 1 июльге дейін шөп шабу жоспары гектар есебімен 31,2 процент, тонна есебімен 8 процент орындалып отыр. Бұл жағдай аудан басшылары тіпті де қынжылтар емес. Олар жайбарақаттыққа салынсып, мал азығын уақытында жеткілікті түрде дайындау үшін бар мүмкіншілікті толық пайдалана алмай келеді. Керекті мал азығын толық және уақытында дайындап алуға мұнда мүмкіншілік бар. Мәселе сол мүмкіншілікті толық пайдалана білуде.

Аудан колхоздары мен совхоздарында шөп шабу жұмысының нашар болуының негізгі бір себебі МТС және жекелеген колхоз басшыларының техника күшін басқа мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануды қанағаттанғысыз ұйымдастыруларынан болып отыр. Оған шөп шабатын машиналардың осы уақытқа дейін жөнделіп бітпегендігі, шөп шабуға қосылған машиналардың көпшілігінің жұмысқа жарамай, қарап тұрғандығы толық дәлел бола алады.

Баян МТС қамтуындағы Ленин атындағы колхозда, МТС директоры Ковшов жолдастың айтуына қарағанда, үш өздігінен жүретін, үш тіркемелі, барлығы алты агрегат ойдағыдай жұмыс істеп жүрген сыяқты. Бұл агрегаттардың жұмысымен танысқанда жағдай мүлдем керісінше екені байқалады. Жоспар бойынша алты агрегат бір күнде кемінде 150 гектар жердің шөбін шабуға тиіс. Ал іс жүзінде олармен 11 күннің ішінде 483 гектар жердің, яғни барлық агрегатпен күніне 44 гектардай жердің шөбі шабылған. Машинашы Хамзин жолдас басқаратын өздігінен жүретін шөп машина 10 күннің ішінде екі-ақ күн жұмыс істеп, 70 гектар жердің шөбін шапқан. Дәл осы жағдай Майбалық, Преснов, Николаев МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда да кездеседі. Сондай-ақ барлық МТС-терде де жөндеуден өткізілмегендіктен жұмысқа пайдаланылмай жатқан өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін машиналар бар. МТС басшылары осы машиналарды тез жөндеуіне іске қосуды ұйымдастырмай-ақ келеді.

Кейбір колхоз басшылары, пішеншілердің өнімді жұмыс істеуіне жағдай туғызбай, бұған өздерінің жауапты екендіктерін ұмытып отыр. 21 июль күні алдың ала шабындық жерді көрсетпегендіктен «Баян» колхозында Асадулаев жолдас басқарған трактор отряді жұмыссыз қарап тұрған. 22 июль күні осы колхозтағы

дарда кездесіп отыр. Айта кету керек, пішеншілерге конфет, қант сыяқты кондитер тағамдарын, май, шай тағы басқа қажетті тағамдарды уақытылы жеткізіп тұруды аудандық сауда орындары ескермейді. Мысалы «Баян» селпосының басшылары пішеншілерге крупа дайындап беру біздің міндетіміз емес, біз тек қана интернатқа және асханаларға дайындап беруге міндеттіміз деген пікірлерді бетке ұстайды.

Быйылғы жылы ауа райы шабылған шөпті дереу майлауға жағдай туғызып отыр. Бірақ июнь айының 25 күніне дейін шабылған 20240 гектардың небары 13203 гектары майланған. Қалғаны, көпенеде, кіреде немесе шабындықта жатып, сапалылығы жоюда. Шабу мен майлаудың арасындағы алшақтықты колхоз және аудан басшылары адам күшінің жеткіліксіздігінен деп дәлелдегісі келеді. Солай бола тұрса да техника күші іске толық пайдаланылмайды. Оған бір мысал келтірейік. Майбалық МТС-дегі 16 кранды майлағыштың біреуі ғана Чапаев атындағы колхозда жұмыс істейді. Ал қалғаны қарап тұр. Осы МТС-ке бөлінген 10 рейкалы майлағыш әлі күнге дейін Мамлют механикалық-жөндеу зауытында жатыр. Бұл МТС басшыларының жемшөп дайындау жұмысын механизандыруға мүлдем жауапсыз қарайтындықтарын көрсетеді.

Баян МТС-інде 6 шөп жыйнағын бар. Онымен кіредегі шөпті майның жанына ежелуге болады. Мысалы, Аманкелді атындағы колхозда 3 кісі маяда тұрса, 10 кісі үш нар өгізбен кіреден мая жанына шөп тартарды, осы 13 адамның жұмысы шөп жыйнағын тиімді пайдаланып отырған Абай атындағы колхозда бес-ақ адам атқарып жүр. Бірақ осындай өте пайдалы механизмнің екеуінің іске осы уақытқа дейін қосылмауы елеулі кемшілік.

Көл құрағы құнарлы мал азығының бірі болып саналады. Жастай шабылған және уақытында сүрленген құрақ құндылығы жағынан табиғи шөптен кем болмайды, оны әсересе сыйыр малы сүйсініп жейді. Преснов ауданында құрақ шабуды кеңінен өрістетуге мүмкіншілік мол. Мәселен, Абай атындағы колхозда 14, Ленин атындағы колхозда 15 және басқа колхоздарда көптеген құрақты көл бар. Бірақ құрақты шабуға бір де колхоз кіріскен жоқ. ҚБП аудандық комитетінің секретары Долженко жолдас «Қамыстың ал-қылтым дәмі бар, сондықтан оны кәзір шабуға болмайды» деп, МТС және колхоз басшыларының құрақ шабуды көшеуілде-

## Алғашқы табыстар

Қалада жаңадан темірбетон заводы салына бастады. Завод облысымыздың ауыл шаруашылығын және қала құрылыс үйлерін қажетті құрылыс материалдарымен қамтамасыз ететін болады, ол биік үйлердің қабаттарының арасына салынатын және шатырларға керекті ағаш материалдарды темірбетон материалдарымен ауыстырмақ.

Құрылыстағы жастар қажырлы еңбек етуде. Мұнда быйыл қаладағы № 40 ФЗО мектебін бітіріп, 21 адам жұмысқа келген болатын, олар кәзір де балташы, тасшы, штукатуршы болып істеп жүр. Болашақ завод жұмысшыларына тұрғын ағаш үйлер құрастырушы балташылар бригадасы күндік тапсырманы үнемі асыра орындауда. Олар өткен июнь айының жоспарын 115 процент етіп орындап шықты, сөйтіп, олар кәзір бірнеше тұрғын үйлер даярлап, құрастырды.

Завод басқармасының үйін салушы 11 адамнан құралған жастардың тасшы бригадасы да комсомолец Ченцовтың бастауы мен қажымай-талмай еңбек ете отырып, кәзір де құрылыстың өздеріне міндеттелген завод басқармасы үйінің іргесін салып бітірді. Бұл еңбекке бірінші рет араласқан жастардың алғашқы табыстары.

Қ. БАТПЕНОВ.

## Жаңа қоныстанушылар үшін тұрғын үйлер

Соколов ауданының еңбекшілері тың және тыңайған жерлерді игеру үшін Белорус ССР-нан келген жаңа қоныстанушыларды зор қуанышпен қарсы алды. Жаңа қоныстанушылар үшін ауданның колхоздарында жаңа үйлер салу ісі қолға алынды. Аудандағы Киров атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері жаңа қоныстанушылар үшін 15 жаңа үй салып бітірді. Сол сыяқты «Победа» колхозының колхозшылары жақын арада жаңадан 1 үй салып, оны жаңа қоныстанушылардың пайдалануына берді. Молотов атындағы колхозда бұл іске арналып құрылыс материалдары жеткізілуде.

В. ҚАПТАҒАЕВ.

## Колхоз шаруашылығы нығайуда

Совет ауданындағы «Бөктерек» колхозының экономикасы жылдан жылға нығайып келеді. Колхозда өткен жылы бір ғана жүк машинасы болса, быйыл тағы да екі жүк машинасы және бір жеңіл аятомашина сатылып алынды. Колхозшылар үшін тұрғын үйлер дайындау және мал фермаларында мал қораларын салу ісі жылдан жылға кеңейтіліп келеді. Колхозда бұрын 200 бастық стандартты бұзау қорасы болатын. Быйылғы жылы колхоз 150 бастық стандартты сыйыр қорасын салып жатыр. Бұл қораның төбесі шифермен жабылады және бұл құрылыс мал

## Комбайншы Станислав Андриевский

Комбайн жөндеудегі механизаторлардың жыйналысы аяқталып келе жатты. Сөз алып сөйлеушілер жөндеу жұмысында орын алып келген кемшіліктерді сыналы. Бұл кемшіліктердің орын алу себептерін ашты. Сөйтіп, алдағы уақытта жұмыстың өнімділігін де, сапасын да жақсартуға түсуді қамтамасыз ететін бағалы пікірлер айтылды.

— Комбайн жөндеудің қарқынды күшейтуге бағытталған шаралар белгілеу деген өте дұрыс, — деді комсомолец Станислав Андриевский, — бірақ, шара белгілеу бар да, оны жүзеге асыру бар. Осында отырғандардың бәрі де комбайн жөндеуге қатысып жүр. Еңбеше, белгіленген шараларды жүзеге асыратын да — біз. Олай болса, біз ішкі мүмкіншіліктерімізді толық есептеп, нақтылы міндеттеме алуға тиістіміз. Мен жөндеу жұмысында күн сайын тапсырманы 200 процент орындауға уәде беремін және егін орағының алғашқы күнінен бастап, өзім жұмыс істейтін өзімнен жүретін комбайнмен күніне норма бойынша 10 гектардың орнына, 30-35 гектар егін жыйнауға міндеттенемін.

Станислав сөзін аяқтап, орнына отыра бергенде оның сөзіне разы болғандықтан залдағылар тіпті қолшалақтап жіберді. Одан кейін сөз алып сөйлеген механизаторлар да өз мүмкіншіліктерін ескере отырып нақтылы міндеттемелер алды. Осы міндеттемелердің негізінде мастерской коллективінің жыйналысы комбайн жөндеуді 10 июльге дейін толық аяқтауға қаулы қабылдады.

Ертеңіне мастерскойдағы жұмыс ерекше жаңа қарқынмен жүргізілді. Барлық жөндеушілер өз істерін өте ұқыптылықпен, ынталана атқарды. Жұмыс күні аяқталғанда жөндеушілер өз жұмыстарына қорытынды жасады. Сменалық тапсырмаларды толық орындамаған бірде-бір механизатор болған жоқ. Ал комбайншы Станислав Андриевский екі нормадан орындады. Осыдан бастап мастеркойда сменалық тапсырмаларды үнемі асыра орындау әдетке айналды.

— Жұмыстың барысы бұрынғыдан әлдеқайда жақсарды, — деді Станислав, бір кезі келгенде МТС-тің бас инженеріне. — Бірақ, ағаш шеберлері әлі де болса істі

Довьяковский жолдас бұл пікірге дау айта алмады. Тіпті ол қысылып та қалды.

— Жақсы, бұдан былай ағаш шеберлері тарапынан іске кедергі болмауының шараларын қарастырамыз, — деді инженер кінәсін мойындағандай.

МТС басшылары осы уақыттан бастап ағаш шеберлері мастерскойның жағдайын жақсартты. Кәзір ағаш шеберлер жөнделіп болған төрешілерге қажетті ағаш бөлшектерді дайындаумен тынбай, сонымен бірге машиналарға қажетті ағаш жасалған бөлшектердің едәуір запасын жасады.

Жөндеу жұмысының барысында бақылау жасау да тәртіпке келтірілді. Барлық тораштар мен цехтарда еңбек өнімділігі артты, жұмыстың сапасы жақсарды. Кәзір МТС усадьбасында толық жөнделіп,

егін жыйнауға сақадай сай тұрған 43 комбайн бар. Мастерской коллективі июнь айының екінші онкүндігінде 6 комбайн жөнделсе, үшінші онкүндікте 10 комбайн жөндеп шығады. Бұл комсомолец Станислав Андриевскийдің мастеркойда еңбек өнімділігін арттыру жолындағы тамаша инициативасының және сол инициативаны бүкіл коллективтің қолдауының нәтижесі. Бұл күндері мастеркойда тапсырмасын 2 және 2 еседен де артық орындаушылар көп. Мәселен, Д. Плишечников, П. Пономарев, П. Литвиненко, тағы басқа жолдас тар күн сайын 2—2,5 норма орындап жүр.

Андриевский жолдас тек жөндеу жұмысында ғана емес, комбайн қуатын пайдалануда да еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп келеді. Ол комбайншы болып бесінші жыл істейді. Осы уақыттың ішінде Андриевский тек Интернационал МТС-нің ғана емес, Мамлют ауданындағы басқа да МТС-тердің коллективіне белгілі болды. Станиславтың еңбектегі тамаша озат әдістерінен көп комбайншылар өнеге алды. Өткен жылы Андриевский жолдас өздігінен жүретін комбайнмен Баганович атындағы колхозда 650 гектар егін жыйнап, ең жоғары көрсеткішке ие болды. Андриевский комбайнның кейбір тетіктерінің жұмысын жақсартатын әдістерді қолдана отырып, машинаны тиімді пайдалануға жетісті. Егін сабағын 8-10 сантиметр биіктікте қысқалы қамтамасыз еті-





Савченко жолдас басқаратын № 1 трактор бригадасының мүшелері кезіңдік өзіңде шөп шабу жоспарын 60 процент орындап отыр. № 4 бригаданың механизаторлары да шөп шабу қарқынын күн санап өрістетуде.

Шіеншілер арасындағы социалистік жарыста Чемирин, Кипель, Бородатый жолдастар алда келеді. Бородатый жолдас үш трактор шөп машиналарының агрегатымен күнделік тапсырмаларын 150-175 процент орындайды.

МТС механизаторлары өздерінің барлық мүмкіншіліктерін шөп шабуды, жыйнауды және маялауды тынғылықты жүргізуге жұмыстарды отырып, бұл істе колхозшыларға нақтылы істерімен көмек көрсететін болады.

**Н. КИЛЕЙНИКОВ.**

№ 18 трактор бригадасының бригадирі Архипов жолдас ұйымдастыру жұмысын тастап, бригада мүшелеріне төрт күн бойына наннан басқа тамақ берілмегендігін айтуға 15 километр жердегі колхоз орталығына келді. Бұл кезде колхоз председателінің орыбасары С. Нүрғожин жолдас «Победа» машинасымен жанына колхоздың есеншісін ертіп алып, арба ізден Қостанай облысының Пресногорьков ауданында жүрді, колхозда шаруашылық мәселесін шешетін бір де адам болмады. Сол күні Архипов жолдасының отрядындағы шөп машиналары жұмысқа күннің екінші жартысында шықты.

Шөп шабатын агрегаттардың жұмысына нақтылы жағдай тұрғызаушылық Аманкелді атындағы, Ленин атындағы, Киров атындағы, Абай атындағы колхоз-

туын мақұлдап отыр.

Ауданда ағашты, томарлы, шілікті жерлер көп. Оның шөбін қол шалғымен шабуға, ағаш, тағ, шілік жапырақтарын жеткілікті түрде жыйнап алуға болады. Амақ қанша, бұл мүмкіншіліктер әлі пайдаланылмай келеді. Колхоздарда қол шалғышылар, ағаш жапырағын жыйнаушылар звенолары күні осы уақытқа дейін ұйымдастырылмаған.

Преснов ауданы колхоздарында қоғамдық мал үшін жемшөптің берік қорын жасауға толық мүмкіндік бар. Аудан, МТС, колхоз басшыларының міндеті сол мүмкіншіліктерді тиімді пайдаланып, жемшөп дайындауды үлгілі ұйымдастыру болып табылады.

**Ә. НҰРМҰХАМЕДОВ,**  
(Арнаулы тілшіміз).

пайдалануға лайықталынып салынууда.

**М. СЕЙТОВ.**

### Бағалы баспама

Приешім ауданы, Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері мемлекетке сүт өнімдерін тапсыруды мерзімінен бұрын орындап, әрбір сауын сыйырдан мемлекеттік дайындау орындарына 300 литрден сүт сату жөнінде бастама көтерген еді.

Көзір бұл колхоздың 30-дан астам мүшелері мемлекетпен толық есеп айырысып, дайындау орындарына сүт сатуға кірісті. Озат колхозшы Елизавета Майнер жолдас шаруашылығындағы екі сауын сыйырдан 800 литр сүт сатты.

**И. МИХИН.**

ректі ағаш бөлшектерді өте шабан дайын дайды. Осының салдарынан жөнделіп болған тораптарды құрастыра алмай отырмыз. Мәселен, мотовилоның қабдағайлары жасалып болмауы себепті хедерді құрастыра алмадық.

—Бұл мәселені комсомол жыйналысында неге қарамайсыздар?—деді оған МТС-тің бас инженері Довяковский жолдас.

—Ал, комсомол жыйналысында бұл мәселені қаралдық, белгілі қаулы алынды, делік, бұдан түсері не?—деді Станислав инженерге ренішті жүзбен қарап.—Ағаш шеберлері мастерскойында еңбек тәртібі нашар, шеберлердің көбі күндік тапсырмасын орындамайды. Ал, сіз сол сияқты МТС-тің басқа да басшылары ағаш шеберлері мастерскойына аптасына бір рет те кіріп шықпайсыздар...

дың, жұмыстың сапасын жақсартудың жаңа жолдарын үнемі іздеуде. Ол өткен жылы бидайық жыйнағанда комбайнына екі шөп машина тіркеді. Сөйтіп, күн сайын 4 нормаға дейін орындады.

Ауыл шаруашылығындағы аса қауырт жұмыс—егін жыйнау науқаны жақындап келеді. Комбайншы комсомолец Катанович атындағы колхозда өзі егінін жыйнайтын участкамен танысты. Егінің өсіп-жетілу жағдайына қарай комбайнның жүру маршрутын, жұмыс графигін жасады.

—Дәнді дақылдарды біз 20 жұмыс күні ішінде жыйнап болу үшін күресеміз,—дейді Станислав.

Оның өз уәдесін қалтқысыз орындайтынында күмән жоқ.

**В. ТОРГОНСКИЙ.**

болды. Сондықтан да Ленин жерді национализациялау—бұл «буржуазиялық революцияның» соңғы сөзі «ғана емес, сонымен қатар ол социализмге қарай басылған қадам». (Шығармалар, 13 том, 439-440 беттер), деп атап көрсетті.

Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасын мейлінше толық жүзеге асыру, пролетариаттың еңбекші шаруалармен одағында пролетариаттың басшылық ролін күшейтіп және қала мен деревнядағы буржуазиялық элементтерге қарсы батыл күрес жүргізе отырып, бұл одақты барынша баянды ету буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуының саяси негізі болуға тиіс еді. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының саяси органы ретінде уақытша революциялық үкмет құру туралы Лениннің мәселе қою буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуын саяси жағынан қамтамасыз етумен тікелей байланысты болды.

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұластыру үшін объективтік жағдайлар бар екенін ескере отырып, В. И. Ленин субъективтік фактордың, яғни революцияның гегемоны ретіндегі пролетариаттың саналылығы мен ұйымшылдығы дәрежесінің, біздің партияның жалпыдемократиялық қозғалыстағы басшы және ұйымдастырушы ролін, біздің партияның ең алуан түрлі қозғалыстарды патна мен капитализмге қарсы күрестің біртұтас жашай тасқынымен біріктіре білуінің орасан зор, тіпті тура айтқанда, шешуші маңызы бар екенін тынбастан атап көрсетті.

В. И. Ленин былай деп үйретті: әлеуметтік төңкеріс, өзінің объективтік деректері жағынан, өлден інісіп жеге алады, бірақ бұл төңкерісті жасаушы революционерлердің оны жасау үшін жеткілікті күші болмай қалуы ықтымал, —міне сонда қоғам іріп-шіреді, іріп-шіру

кейде тұтас ондаған жылдарға созылады. Ұлы көсеміміз Россияда осы әлеуметтік төңкерісті жасай алатын қоғамдық күш бар деп көрсеткен болатын. Бұл күш—жұмысшы табы басшылық роль атқаратын жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар одағы. Бұл қоғамдық күштің басшылығында большевиктер партиясы тұрды. Партия жұмысшы табы мен шаруаларға дұрыс саяси ұрандар берді, осы ұрандарды жүзеге асыру буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуына атсалысты.

Большевиктер партиясы бұқаралық саяси стачканың ұлы маңызын ашып көрсетті, бұл стачка пролетариаттың революциядағы гегемониясының нақты бейнесі болып, бұқараға саяси қозғау салуда, патшаға қарсы бұйыпхалықтық қарулы көтерілісті өрістетуде маңызды роль атқарды.

Революцияның барысында қалада стачкалық комитеттердің, ал деревняда шаруалар комитеттерінің жарыққа шығуы, бұлардың кейіннен жұмысшы депутаттарының Советтері мен шаруалар депутаттарының Советтеріне айналуы, сонымен қатар жұмысшылардың қарулы отрядтарының ұйымдастырылуы және олардың жауынгерлік қымылы—осының бәрі революциядағы тап күштерінің ара салмағын орналастыруға көмектесті, осының негізінде буржуазиялық-демократиялық революция социалистік революцияға ұласуға тиіс болды.

Ұласу теориясының негізгі қағыйдасын Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» дейтін өзінің атақты кітабында тұжырымдап берді. В. И. Ленин былай деп жазды:

«Пролетариат, самодержавиенің қарсылығын күшпен жаныштау үшін және буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, шаруалар бұқарасын өзіне қосып алып, демократиялық төңкерісті аяғына дейін жеткізуге тиіс. Пролетариат, буржуазияның қарсылығын күш-

пен тойтару үшін және шаруалар мен ұсақ буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, халықтың жартылай пролетар элементтерінің бұқарасын өзіне қосып алып, социалистік төңкеріс жасауға тиіс» (В. И. Ленин. Шығармалар, 9 том, 90-бет).

1905 жылы Россияда осындай ұласуға қажетті барлық жағдай объективтік түрде тұрған еді. Шаруалар табы мен помещиктер арасындағы және жұмысшы табы мен буржуазия арасындағы таптық қайшылықтар мейлінше күшті шиеленісті. Осындай жағдайда барлық іс демократиялық төңкерістің қаншамақты ойлардай жасалатындығына, революцияның екінші кезеңіне, пролетариаттың социалистік диктатурасын орнатуға көшуді жүзеге асыру үшін осы төңкерістің аяқ кезінде пролетариаттың кедей шаруаларды өзіне қосып алатын алмайтындығына байланысты болды. Лениннің—большевиктердің бүкіл қызметі дәл осыған бағытталды. Лениндік стратегиялық жоспарда тіпті революцияның бірінші кезеңінде-ақ пролетариат диктатурасы (пролетариат гегемониясы) идеясының ұрықтары бар еді.

Бұл жағынан ешкімнің де ешқандай күмәні және түсінібеушілігі болмау үшін, В. И. Ленин тағы да былай деп түсіндірді: «Біз демократиялық революциядан күшіміздің, саналы және ұйымдастырған пролетариаттың күшінің шамасына қарай, дереу социалистік революцияға көше бастаймыз. Біз үздіксіз революцияны жастаймыз. Біз жарты жолда тоқтамаймыз». (В. И. Ленин. Шығармалар, 9 том, 237-бет).

Мұның өзі буржуазиялық және социалистік революциялар арасындағы ара салмақ туралы мәселе жөніндегі жаңа бағдар болған еді. Лениннің бағдары бойынша, бұл революциялардың арасында ұзақ уақыт өтпеуге тиіс. Бірінші революция екінші революцияға ұласып, екінші революция бірінші революцияның тұрғын міндеттерін жол-жөнекей шешеді

де, сонымен бірге өзінің басты міндетін—пролетариаттың өкметті жеңіп алуын жүзеге асырады.

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуының лениндік теориясы үздіксіз революция туралы, шаруалардың революциялық қозғалысын пролетарлық революциямен ұштастыру қажеттігі туралы айтқан Маркстің көмеңгерлік пікірлеріне толығымен сай келді және осы көмеңгерлік идеяларды онан әрі дамытқандық болды. Іллі Интернационалдың оппортунистік басшылары Маркстің осы көмеңгерлік қағидаларын ұмыт қалдырып, бұр көп тастады. В. И. Ленин Маркстің бұл қағидаларын қашына келтіріп қана қоймай, оны ілгері дамытты, сөйтіп, БК(б)П тарихының Кысқаша курсына көрсетілгеніндей, «социалистік революцияның міндетті кезеңі есебінде жаңа кезеңді,—пролетарлық революцияның жеңуінің шарты есебінде қала мен деревня пролетариатының және жартылай пролетар элементтерінің одағын іске қосып, социалистік революцияның сындарлы теориясын» жасап берді.

### 3. СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ЛЕНИНДІК ТЕОРИЯСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы Лениннің жаңа бағдары шаруалар қозғалысының күшін және оның социалистік революция үшін маңызды екенін мойындамаған, пролетариаттың шаруаларды өзінің соғынан ертіп, мемлекеттік өкметті жеңіп ала алатынын, оның пролетариат диктатурасын орнату алатынын мойындамаған меньшевиктер мен батысевропалық социал-демократияның тактикалық позициясын быт-шыт етіп талқандады. Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуының лениндік теориясы барлық елдердегі пролетарлардың капиталистік құлдықтан құ-

тылу жолындағы күресінің жолын айқындап берді.

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы жөніндегі лениндік теорияның дұрыстығы Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу жолындағы күрес дәуірінде мейлінше тамаша дәлелденді. Жұртқа мәлім, буржуазиялық-демократиялық февраль революциясы, патшаны құлатудан басқа, өзінің толып жатқан тікелей міндеттерін шеше алмады. 1917 жылғы февраль революциясынан кейін большевиктердің алдында жаңа кезеңге—социалистік революцияға көшуді қамтамасыз ету, сонымен бірге февраль революциясы шешпеген барлық міндеттерді мейлінше батыл, ақырына дейін жүзеге асыру міндеті тұрды.

Большевиктердің буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру жолында 1917 жылғы жүргізген күресі, ескі ұранның—пролетариаттың тұтас шаруалармен одағының орнына, жаңа стратегиялық ұранмен—пролетариат пен кедей шаруалар одағының ұранымен, жаңа ұранмен жүргізілді. Жаңа стратегиялық ұранды ойдағдай жүргізу нәтижесінде біздің партиямыз 1917 жылғы октябрьде жеңіске жетті.

Біздің елімізде Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі социалистік революцияның лениндік теориясының салтанаты болды. Осы теорияға негіз болған, жұмысшы табы басшылық роль атқаратын жұмысшы табының еңбекші шаруалармен одағының лениндік идеясы елімізде тамаша жеңіске жетті. Бұл ұлы идея өзінің зор маңызын көзгі уақытта да жойған жоқ. Жұмысшы табы мен шаруалар одағы советтік құрылыстың беріктігі мен мығымайтындығының бұлжымас негізі, социалистік қоғамды дамытып, нығайту жолындағы, коммунизм орнату жолындағы күресте ұлы күш болып табылады.

Барлық туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары, өз елдерінің ерлік жағдайларын ескере отырып, социалистік революцияның лениндік теориясын творчестволықпен қолданып, ілгері дамытып келеді. Халықтық демократия елдеріндегі коммунистік және жұмысшы партияларының бұл теорияны творчестволықпен қолдануы олардың халықтық-демократиялық құрылысты жеңіп алып, баянды етуге халықтың күштерін жұмылдыруына мүмкіндік берді.

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы лениндік ілім Россиядағы Октябрь революциясының тәжірибесі арқылы ғана емес, сонымен бірге халықтық демократия елдерінде революцияны дамыту тәжірибесі арқылы да айқын дәлелденді. Бұл елдерде революцияның екі кезеңінен—бір-бірімен жан-жақты ұштасып, қабаттасқан демократиялық және социалистік кезеңінен өтті. Осы кезеңінің екеуінде де қозғалыстың басшы күші коммунистік және жұмысшы партиялары бастаған жұмысшы табы болды және бола береді. Жұмысшы табы жетекші роль атқаратын жұмысшы табы мен шаруалардың мығымас одағы бұл елдерде социалистік түбірлі өзгерістерді ойдағыдай жүзеге асырып жатқан халықтық-демократиялық құрылыстың негізіне айналды.

Жұмысшылар мен шаруалардың жеңіп алған демократиялық бостандықтарының күзетінде тұрған және өз халықтарының баянды бейбітшілік, демократиялық бостандықтар, ұлттық тәуелсіздік жолындағы, империалистік езудің қуылуы жолындағы күресінде олардың мүдделерін шын мәнісінде білдірушілер болып отырған капиталистік елдердің барлық коммунистік партиялары социалистік революцияның осы лениндік теориясын басшылыққа алып келеді.

**А. ТИМОФЕЕВСКИЙ.**



## Болат пен прокат өндірісін жетілдіре береміз

Қазақтың металлургия заводдың кол-ективі кәсіргі кезде металды кәсір-ын-ың жобалық қуатында белгіленгендегі-ен екі есе аса артық шығарады. Мұндай абысқа болат пен прокат өндірісін үз-дісіз жетілдіру арқылы қол жетті.

1950 жылдан бері кәсіпорында бірде-ір жаңа мартен іске қосылған жоқ. Жоған қарамастан, пештерді ыстық кү-йінде және салқындатып жөндеу уақыты-ның ұзақтығын қысқарту, олардың пай-даланылу мерзімін ұзарту, металды жап-тай жылдам қорытуды енгізу пештің әр-бір шаршыметр табанынан металл алу-ғы 4,67 тоннадан 8,04 тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Бұған бірқатар техникалық шаралар-дың жүзеге асырылуы көмекші болды. Инженер Аверьянов жолдастың ұсынысы бойынша, мартендердің толтырылатын резервуарларының табалдырық плиталары қа-пылдатылды, мұның өзі металдың жұмыс орнына құйылып кетуіне жол бермейді. Бұл жаңалықтың бір жылда беретін үне-мі 230 мың сомнан асады. Мартендердің төмендегі құрылысын өзгерту, қатарынан жалғастырылған генераторлардың жұмыс істеуіне көшу пештердің жылу қуатын мықтап арттырады.

Еліміздің металлургия кәсіпорындары-нда қолданылған жаңалықтардың бәрін біз өзімізде де енгізуге ұмтылып отыра-мыз. Мәселен, Челябинскінің труба заво-ды мартеншілерінің үлгісі бойынша, сал-қындатып жөндеген кезде мартен пеш-теріндегі шлақты шығару механикалан-дырылды. Бұл үшін заводтың механика-торлары нұсқалы имек тұтқа мен басқа да бір қатар құралдардың конструкция-сын жасады, олар жөндеу жұмыстары-ның ұзақтығын тағы да бір тәулікке қысқартады және қосымша үш тоннадан аса металл қорытуға мүмкіндік береді. Өзбек металлургия заводмен жарыс біз-ге көптеген жақсы нәрселерді үйретті. Туысқан республика металлургияның үлгісі бойынша, мартеншілер корпусын үлкейту және футеровкасын жұқарту ар-қылы металл құятын шөміштің көлемін ұлғайтты. Мұның өзі болат өндіруді бір-жарым есе арттыруға мүмкіндік берді.

Үшінші мартен пешінде жұмыс іс-тейтін Арген Жүнісов, Иван Голубев және Алдажар Насреддинов өздерін болат қорытудың шын мәніндегі шеберлері еке-нін көрсетті. Сталинградтың болат қоры-тушыларының үлгісі бойынша олар за-водта бірінші болып агрегатта жұмыс істеудің бадал қойылмайтын системасы-дейтінге көшті. Егер бұрын үш смена-да жұмыс істесе, енді бір сменада жұмыс істейді. Бұл — 72 мың сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді. Кәсіргі жылда «400»

Автоматтандыру мәселесіне ерекше кө-ңіл бөлінді. Бұл істе бізге Чехословакия-ның прокатчигі Богумил Сладек көмек көрсетті. Ол тегістеу клетінде кесек бо-латтар прокаттауды автоматтандыруға арналған құралды совет металлургия-на тарту етіп берді. Жаңалық «280» станы-ның жағдайына бейімделіп өндіріске ен-гізілді.

Кәсіргі жаңа резервтер іске қосылуда. Станның салқындатқышында автомат те-жегіш орнатылды. Методикалық пештің жылу қуатын арттыру үшін оны қайта құру белгіленді. Бұл — жылдық тапсыр-мадағ тыс 1.700 тонна прокат беруге мүмкіндік турғызады.

«400» станның коллективі агрегат-тың жобалық қуатын екі есе арттырды. Өткен жылдағымен салыстырғанда оның сағаттық жұмыс өнімділігі 13 процент артты. Бұған станды механикаландыру және методикалық пешті қайта құру ар-қылы қол жетті. Таза линияның клетіне металл жеткізіп тұратын рольгангтердің орнатылғаны вальцовщиктердің қажетті-гін екі есе қысқартты. Салқындатқыш-тың ұлғайтылып, балқытатын екінші ма-шинаның орнатылғаны прокат шығаруды арттыруға ғана емес, сонымен қатар оның сапасын жақсартуға да мүмкіндік берді.

Кесек болаттардың салмағын барған сайын арттыру прокат өндірісінің ма-ңызды резерві болып табылады. «400» станның коллективі салмағы әдеттегі-ден 40-60 килограмм ауыр кесек болат-тар прокаттауды меңгерді. Мұның нәти-жесінде станның жұмыс өнімділігі тағы да 15 процент артты. Ауырлатылған кесек болат прокаттау металды қыздыра-тын методикалық пешті қайта құру қа-жеттігін турғызды. Варшик Владимир Гурьяновтың ұсынысы бойынша қосым-ша оттық орнатылды, ал бүйірлердегі от-тықтардың колосникті торының көлемі ұлғайтылды. Отынның көп жағылуын кеміту үшін педина қысқартылды, кесек болат өтетін трубалар бөлек орнатылды. Егер бұрын пеште бір сменада 400 кесек болат қыздырылса, енді 900-ден аса кесек болат қыздырылатын болды. Әрбір тонна әзір өнім шығарған сайын он ки-лограмға дейін көмір үнемделеді. Жыл басынан бері мың тоннадан аса отын үнемделді.

Жаңашылдар технологияны жетілді-руге, прокат стандартының жұмыс өнім-ділігін арттыруға белсенділікпен көмек-тесіп келеді. Электрик Анатолий Скребеко мен мастер Александр Чижов басқару те-тіктерінің жұмысын автоматтандырды, бұл — 72 мың сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді. Кәсіргі жылда «400»

## Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысы

ПРАГА, 2 июль (ТАСС). Чехословак телеграф агенттігі ССРО, Румыния, Че-хословакия және Венгрия өкілдері ара-сында 1955 жылы июльде Бухаресте болған пікірлер алысу жөнінде Чехос-ловакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысын хабарлады.

Чехословакия Коммунистік партиясы-ның Орталық Комитеті, делінген қаулы-да, Совет Одағы мен Югославия арасында қол жеткен келісімді құттықтайды және осы келісімнің нәтижесінде социализм лагеріндегі басқа елдермен Югославия арасында да бейбітшілік пен социализм ді нығайту мүдделері үшін шын ниетті достық ынтымақ орнатылады деп, көміл сенетінін білдіреді.

Чехословакия Коммунистік партиясы-ның Орталық Комитеті Чехословакия мен Югославия арасында экономикалық және мәдени байланыстарды ұлғайтып, терең-дету үшін және екі елдің арасында, екі елдің халықтары арасында таяудағы уақытта жақсы достық қатынастар орна-ту үшін қажетті шаралардың бәрін қол-ланады.

## ҚЫТАЙДА МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ӨРКЕНДЕУІ

ПЕКИН, 3 июль (ТАСС). «Женьминжи-бао» газеті Қытайдың мұнай өнеркәсібінің өркендетілуі туралы мақала жариялады. 1949 жылмен салыстырғанда, мұнай өн-діру 1953 жылы 5 еседен астам, ал 1954 жылы 7,5 есе арттырылды.

Мұнай өнеркәсібі үшін кадрлар даяр-лауға зор назар аударылған. Алты мұнай техникумы ашылды. Пекинде 1953 жылы құрылған мұнай институтында кәсіргі уақытта 1600 студент бар.

## «ШТУТГАРТЕР ЦЕЙТУНГ» ГАЗЕТІ ССРО-МЕН БІРҚАЛЫПТЫ САУДА ҚАТЫНАСЫН ЖАҚТАУДА

БЕРЛИН, 4 июль (ТАСС). АДН агент-тігінің хабарлауы бойынша, батысгерма-ниялық «Штутгартер Цейтунг» газеті 2 июльдегі номерінде Батыс Германия мен Совет Одағының арасында жүйелі сауда жүргізуді жақтады. Москва мен Бонн арасындағы дипломатиялық қатынас, деп жазады газет, сол сыяқты сауда және тө-лем келісін жасауға мүмкіндік береді, сонымен бірге бізді үшінші елдің есебінен тәуелсіз жағдайға қояды. Сондықтан ке-йінге қаратпастан-ақ Совет Одағымен жү-йелі сауда айырбасының мазмұны мен кө-лемін өзімізде анықтап алуымыз қажет.

ЮГОСЛАВИЯНЫҢ ОДАҚТЫҚ ХАЛЫҚТЫҚ

## Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресі қарсаңында

ПАРИЖ, 2 июль (ТАСС). Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресіне әзірлікпен байланысты, соғыс уақытында гитлер-шілер жойып жіберген Орадур-Сюр-Глан елді пунктінде 154 әйел үндеуге қол ко-йып, онда атап айтқанда, былай делінген: «Біздің елді пунктіміздің семьялары бас-тан кешірген трагедияның жылдығы кү-ні, біз, Орадур-Сюр-Гландтағы аналар, біз-дің қымбатты балаларымыздың жан түр-шігерлік өлімдерін ешқашан да естен шы-ғармаймыз және бүкіл дүние жүзіндегі аналардың барлық балалардың өмірін қор-ғауға арналған күш-жігеріне өзіміздің де күш-жігерімізді қосуға әзір екендігіміз ту-ралы мәлімдейміз... Біз бүкіл дүние жү-зіндегі әйелдерді аналарды барлық бейбіт сүйгіш күштермен бірлесе отырып, біз басымыздан кешірген қатерлердің қайта-лануына жол бермеуге шақырамыз».

Орадур-Сюр-Гланның әйелдері аналар-дың Бүкіл дүниежүзілік конгресін шақы-ру жөніндегі әйелдердің Халықаралық де-мократиялық Федерациясының үндеуін толығымен қолдайтындықтарын мәлімдеді.

## Халықаралық Пловдив жәрменкесі қарсаңында

СОФИЯ, 4 июль (ТАСС). 6 сентябрьден 20 сентябрьге дейін Пловдивте дәстүрлі XVI халықаралық жәрменке өткізіледі. Жәрменке қалашығының алаңы бйылғы жылы едәуір ұлғайтылып, ол 380 мың шаршыметрге жетеді.

Пловдив жәрменкесіне Совет Одағы бел-сенді қатысатын болады. Оның павильоны жәрменкедегі ең үлкен павильондардың бірі болмақ. Сол сыяқты Қытай Халық Республикасының, Польшаның, Чехосло-вакияның, Венгрияның және басқа да ха-

лықтық демократия елдерінің павильон-дары ұлғайтылды. Вьетнам Демократия-лық Республикасы Пловдив жәрменкесіне бйылғы жылы тұңғыш рет қатысатын болып отыр.

Англияның, Францияның, Батыс Герма-нияның, Швейцарияның, Бельгияның, Норвегияның, Италияның, Швецияның, Израильдің, Австрияның және басқа ел-дердің көптеген сауда фирмалары Плов-див жәрменкесіне зор ынта қойып отыр.

## Ағылшын докерлері мен жүкшілері ереуілінің тоқтатылуы

БҒТ ОҢШЫЛ ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ЫДЫРАТУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ

ЛОНДОН, 4 июль (ТАСС). Докерлер мен жүкшілердің біріккен кәсіподағы басшы-лығының қысымымен Англияның алғы ірі портының алты апта бойы ереуіл жаса-ған 18 мың докерлері жұмысқа қайтып оралды. Олар өздерінің негізгі талаптарын — солтүстік порттарда — Ливерпульде, Беркенхедте, Гарстонда, Манчестерде және Гульде (Лондон портында әкімшілік орны бұл кәсіподақты таныды) жалақы және еңбек жағдайы мәселелері жөнінде бұл кәсіподақтың келіссөздер жүргізу право-сын порт әкімшілік орындарының толық таууларын қанағаттандыруға жетісе алма-ды. Кәсіподақ басшылығы келісімпаздық, ауытқушылық позиция ұстады. Прогрес-сивтік баспасөзде атап көрсетілгеніндей, кәсіподақтың қатардағы мүшелерінің та-ландылығы және ынтымағы арқасында ға-на ереуіл мұншалықты ұзақ уақытқа со-зылды.

Тред-юниондардың Британ конгресінің бас советі өткен жылы докерлер мен жүк-шілердің біріккен кәсіподағын БҒТ құра-мынан шығарып тастаған болатын, ал ере-

уілдің қанат жайғанын көрген уақытта бұл кәсіподақты БҒТға қайта алуға ке-лісті, алайда оған өзінің 10 мың мүшесін транспорт және мамандығы жоқ жұмыс-шылар кәсіподағына беретін боласың де-шип шарт қойды. Бас советтің басшылығы бұл маневрмен реакциялық позиция ұс-тап және БҒТ лидерлерін ерқашан қолдап келген транспорттық және мамандығы жоқ жұмысшылардың кәсіподағын қолдау-ға, докерлер мен жүкшілердің кәсіпода-ғының позициясын әлсіретуге тырысты. Докерлер мен жүкшілер кәсіподағының басшылығы бас советтің қарарын мойын сұнып қарсы алды, бұдан кейін ереуілді тоқтату туралы талап қояды кешіктірген жоқ. Бұл талапты сонымен бірге кәсіподақ басшылығы қолдап, өзінің мүшелерін жү-мысқа шығуға шақырды, егер бағынбай-тын болсаңдар кәсіподақтың атқару коми-теті орнынан түседі деп қорқытты.

Сонымен БҒТ лидерлері ереуіл көтеру-шілерді қолдаудың орнына, қайта керісін-ше, кәсіподақ қозғалысына ірікті салушы-лық роль атқарды.

Франциядағы ереуіл қозғалысы

## ТОМАС МАННЫҢ АМСТЕРДАМ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕУІ

ГААГА, 3 июль (ТАСС). «Де Ваархейд» газеті былай деп хабарлайды: герман жа-зушысы Томас Манн өзін ең жоғары Гол-ланд ордені «Оранже-Нассау» мен наград-талуына байланысты 1 июльде Амстер-дам университетінің үйінде сөз сөйлеген. Томас Манн фашизмді батыл айыптап, езушілікке қарсы осыншалықты ерлікпен қарсыласқан және өзінің азаттығы үшін соншалықты құрбандыққа ұшыраған гол-ланд халқына өзінің ерқашанда сүйсін-гендігі туралы айтты.

Мұның алдында, деп жазады бұдал әрі газет, Томас Манн Шиллер туралы лек-ция оқып, онда ол кәсіргі жағдай туралы айтты, жаңа соғыс өртін тұтандыру сая-сатын жойып, атом қаруына тыйым са-луға шақырды.

## ССРО-АҚШ ШАХМАТ МАТЧЫ

ССРО-АҚШ халықаралық шахмат мат-чының үшінші турында тек екі партия ғана аяқталды.

Гроссмейстер Смыслов өте тамаша стильде АҚШ чемпионы Бисгайерді ұтты. Решевский-Ботвинник партиясы ұзаққа созылған позициялық күрестен кейін тең аяқталды. Қалған кездесулер кейінге қалдырылды.

Сонымен әзірше есеп 14:4 болып совет шахматшыларының пайдасына шешіліп отыр. 6 партия аяқталмай қалды.

4 июльде ойын өткізілмейді. 5 июльде төртінші тур болады. (ТАСС).

## ПРАГАДАҒЫ ФИЗКУЛЬТУРА ПАРАДЫ

ПРАГА, 3 июль (ТАСС). Бүгін Прагада Совет Армиясының Чехословакияны фа-шист оккупанттардан азат етуінің он-жылдығының құрметіне өткізілетін бірін-ші жалпы мемлекеттік спартакиаданың құрметті мерекесіне байланысты физкуль-тура парады болды. Таңертең ертемен, парадтың басталуынан көп бұрын, физ-культурашылар салтанатты маршпен ету-ге тиісті Вацлав алаңы мен барлық көше-лерге жүз мыңдаған еңбекшілер лық төл-ды.

Вацлав алаңы Чехословакия мен Совет Одағының мемлекеттік туларымен, бейбіт-шіліктің көгілдір жалауларымен, В. И. Лениннің, И. В. Сталиннің, Е. Готвальд-тың, А. Заптоцкийдің портреттерімен бе-зендірілген.

Ертеңгі сағат 8-де үкмет трибунасына республика президенті А. Заптоцкий, Чехословакия Коммунистік партиясы Ор-талық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный, И. В. Сталиннің, Е. Готвальд-тың, А. Заптоцкийдің портреттерімен бе-зендірілген. Ертеңгі сағат 8-де үкмет трибунасына республика президенті А. Заптоцкий, Чехословакия Коммунистік партиясы Ор-талық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный, И. В. Сталиннің, Е. Готвальд-тың, А. Заптоцкийдің портреттерімен бе-зендірілген.



жеке бригада жұмыс істесе және болат қорытушылардың еңбек өнімділігі бір сменада алынған балдардың санына қарай есептелетін болса, енді бүкіл үш сменада бір тұтас смена жұмыс істейді, оның еңбек өнімділігі бір тәулікте шығарылған болаттың мөлшеріне қарай есептеледі. Мұның өзі болат қорытушылардың бүкіл үш смена жұмысының нәтижелі болуына деген ынтасын арттырды және еңбек өнімділігін арттыруға қолайлы әсерін тигізді.

Озат тәжірибені кеңінен тарату мақсатымен мартен цехында болатты жедел балқыту шеберлерінің жұмыс әдістері қорытылды. Енді болат қорытушылардың бәрі де пешті келесі рет металл балқытуға металл мартеннен шығарылғанға дейін әзірлейді. Мұның нәтижесінде пешті толтыруға қажетті уақыт екі еседей қысқарды. Пешке шихта салудың біртұтас технологиясы енгізілді. Жылу режимінің неғұрлым тығыздатылған графигі ай сайын жүз тонна металл үнемдеуге мүмкіндік береді. Кәзіргі кезде қорытылатын болаттың орта салмағы нормадағыдан біржарым тонна артық, ал әрбір екінші ретте болат жедел қорытылады.

Прокатчиктер де зор табысқа жетті. «280» станьның коллективі бесжылдық тапсырманы тіпті апрельде орындаған болатын. Станьның жобалық қуаты екі жарым есе арттырылды. Еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландыру мен автоматтандыру станьның жұмыс өнімділігін арттыруда шешуші роль атқарды. Валиктердің калибровкасын жетілдірудің нәтижесінде кесек болаттардың таза линиямен өту уақыты екі еседей қысқарды. Металдың кейбір түрлерін жасағанда прокаттау жылдамдығы секундына жеті метрге дейін жеделдетілді. Кәсіпорынның жаңашындары жасаған обводтық аппараттардың орнатылғаны еңбек өнімділігін 30 процент арттырды.

## Комсомол-жастар бригадасында

Петропавл паровоз депосының комсомол-жастар бригадасы паровоз бөлшектерін жасауда қажырлы еңбек етіп келеді. Олар үстіміздегі жылдың өткен бес айы ішінде жоспардан тыс 5 паровоз жөндеп, пайдалануға берді.

Комсомолец В. Корниенко басқарған бұл бригада жоспар бойынша еңбек өнімділігін бес айда 128 процент етіп орындауға міндеттеме алған еді. Олар бұл міндеттемені кәзір 220 процент орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Бригада 4 айдан бері ауыспалы торап-

станьында жазық темір прокаттауға арналған обводтық аппарат орнатылып жатыр. Оны қолдану вальцовщиктердің бір бөлегін жұмыстың басқа участогінде пайдалануға мүмкіндік береді. «700» станда листоукладчик жабдықталды.

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың Үндеуі заводта жаңа саяси және еңбек өрлеуін тудырды. 18 июньде прокат цехының коллективі бесжылдық тапсырманы орындады. Жылдық жоспардан тыс 5.250 тонна прокат беру белгіленді. Мартен цехының коллективі бесжылдықты 8 июльге дейін орындап шығарып отыр.

Болат қорытушылар жылдық жоспардан тыс төрт мың тонна металл беруді ұйғарды. Осы мақсатпен олар компрессорлық ауаны қосымша қыздыруды енгізуде, бұл пештердің жылу қуатын арттырады. Аралас хромомангнетитті күмбездерді пайдалануға көшу мартендердің жөндеу аралығындағы жұмыс мерзімін ұзартады. Үшінші пеште мазут құю мен ауа жеткізуді автоматтандыру маңызды резерв болмақшы. Бұл жұмыс аяқталды. Таюу уақытта мұнымен қатар екінші мартен пешінің жұмысын да автоматтандыру белгіленді. Мартен цехында көпірлік үшінші электр қранды іске қосу күніне 250 мұльдке дейін металл сынығын салуға жеткізеді.

Қазақ металлургия елімізге жоғары сапалы металды барған сайын көп беру үшін болат пен прокат өндірісін үздіксіз жетілдіруге бекем бел байлаған.

**И. ДЮМИН,**

Қазақ металлургия заводының директоры.

## СКУПЩИНАСЫНЫҢ СЕССИЯСЫ

БЕЛГРАД, 2 июль (ТАСС). Бүгін Белградта Югославияның Одақтық халықтық скупщинасының сессиясы ашылды. Скупщинаның Одақтық вече мен өндірісшілер вечесінің бөлек болған таңертеңгі мәжілістерінде елдің экономикасының 1955 жылдың алғашқы бес айы ішінде өркендеуі туралы Одақтық атқару вечесінің баяндамасын сессияның күн тәртібіне енгізді. Баяндамашы—Одақтық атқару вечесінің мүшесі Добривоје Радославевич.

Одақтық халықтық скупщинаның екі вечесінің бірлескен кешкі мәжілісінде Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Неру сөз сөйлеп, оны депутаттар жылы жүзбен қарсы алды.

## ПАКИСТАН ПОЛИЦИЯСЫ МЕН КАШМИР ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС

ДЕЛИ, 3 июль (ТАСС). «Санди Стандарт» газеті тілшісінің хабарлауына қарағанда, 27 июньде Пакистан өкмет орындарының бақылауындағы Кашмир территориясында Пакистан полициясы мен Индия территориясына өтіп кеткісі келген бір топ жергілікті тұрғындардың арасында қарулы соқтығыс болған. Соқтығыстың салдарынан 60 адам өлтірілген және 200 адам жараланған.

## ПАКИСТАН ИРАК-ТҮРІК СОҒЫС ОДАҒЫНА БІРІГЕДІ

БАРАЧИ, 2 июль (ТАСС). Пакистан Премьер-министрі Мохаммед Али кеше радио арқылы сөз сөйлеп, Пакистан үкметінің ирак-түрік соғыс одағына бірігуге ұйғарғандығын мәлімдеді.

## ФРАНЦИЯДА 14 ИЮЛЬ КҮНІН ӨТКІЗУГЕ ӘЗІРЛІК

ПАРИЖ, 1 июль (ТАСС). Кеше Францияның 14 июльдегі ұлттық мейрамын (Бастилияны алудың жылдығын) өткізу жөніндегі комитеттің мәжілісі болған. Комитет өзінің 14 июльде Париж халқының дәстүрлі манифестациясын ұйымдастыратын ниеті бар екенін, оның Бастилия алаңынан ұлттар алаңына дейінгі жерде өткізілетінін министрлер Советінің председателіне хабарлауға ұйғарған. Комитет сонымен қатар Париждың халқына үндеу қабылдаған.

«Юманите» газетінде жалпы еңбек конфедерациясының конфедерациялық бюросының мәлімдемесі жарияланды, ол француз еңбекшілерін ұлттық мейрамды өткізуге белсене қатысуға шақырды.

**Қ. БӘКІРОВ.**

ПАРИЖ, 2 июль (ТАСС). Француз газеттері елде ереуіл қозғалысының өсіп отырғандығы туралы хабарлауда.

Мемлекет қызметшілерінің жалақыны арттыру туралы талабын қанағаттандырудан үкметтің бас тартуымен байланысты, кеше митингтер және оқу-ағарту министрлігінің, бұрынғы майданда болғандардың ісі жөніндегі, сыртқы істер, ұлттық ғылыми-зерттеу орталығының, почта-телеграф бөлімшелерінің және басқа да мекемелер қызметшілерінің қысқа мерзімді ереуілдері болды.

Донж қаласындағы (Төменгі Луар де-

## Латин Америкасы елдеріндегі ереуіл қозғалысы

МОНТЕВИДЕО, 4 июль (ТАСС). Баспасөз былай деп хабарлайды: 2 июльде Бразилияның ең ірі Сантос портының 30 мыңдай порт жұмысшылары ереуіл жариялады. Ереуіл көтерушілер жалақыны 30 процентке арттыруды талап етуде. Барлық жүк түсіру, жүк тиеу жұмыстары тоқтатылған. Бразилияның теңіз министрлігі Рио-Де-Жанейродан кемелерден жүкті түсіру үшін Сантосқа әскери теңізшілерді жіберген.

Чилиде ереуіл қозғалысы ұлғайып отыр.

партамент) мұнай айырушы заводтардың 1200 жұмысшыларының ереуілі 3 күнге созылып отыр. Бұл заводтың жалпы еңбек конфедерациясы «Форс Увриер» және француздық христиан еңбекшілерінің конфедерациясының құрамына кіретін кәсіп-одақ ұйымдары жұмысшыларға ақы төлеп, үш апталық демалыс беруді және жалақыны арттыруды талап етуде.

Омекурда (Мерт және Мозель департаменті) Сиделор болат концерні заводының 3,5 мың жұмысшылары жалақының арттырылуын талап етіп, бірнеше күн бойы ереуіл көтеруде.

60 мың мемлекеттік жұмысшылар мен қызметшілер, теміржолшылар, почта-телеграф байланысы, автобус және транспорттың басқа да түрлерінің қызметкерлері ереуіл көтеруде. Антофагаст, Атакам, Сант-Яго, О'Хигинс провинцияларында және жеті департаментте үкмет соғыс жағдайын енгізді.

Эквадордың 7 мың теміржолшыларының ереуілі 29 июньнен бері тоқтатылған жоқ. Оларға бірсыпыра кәсіпорындарының жұмысшылары қосылған.

лері, Совет Одағының Чехословакиядағы елшісі Н. П. Фирюбин, халықтық-демократиялық елдер елшіліктерінің басшылары көтерілді. Трибуналардан елдің атақты адамдары, өндіріс озаттары, ғылымның, мәдениет пен искусствоньң көрнекті қайраткерлері, көптеген шетелдік қонақтар орын алған.

Физкультура парады басталды. Оны чехословак спортының мастерлері, елдің чемпиондары, Европа мен дүние жүзінің чемпиондары ашты. Парадқа советтік спорт делегациясы, сонымен бірге Қытай Халық Республикасының, Польшаның, Герман Демократиялық Республикасының, Монгол Халық Республикасының және басқа да халықтық демократия елдерінің спорт делегациялары қатысты.

Бірінші жалпымемлекеттік спартакиаданың құрметіне болған әсерлі физкультура парады 3,5 сағаттан астам созылды. Оған 150 мың физкультурашылар, барлық ерікті спорт қоғамдарының өкілдері, сонымен бірге армия мен армияға көмектесу қоғамының өкілдері қатысты.

Редактордың орынбасары

**Ғ. НҮРМОЛДИН.**

## Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«КАРОЛА ЛАМБАРТИ»

Сеанстар кешкі сағат 6,45 8,30 10,20-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ЭМИРАТТЫҢ КҮЙРЕУІ»

Сеанстар кешкі сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс әкрандарында «ҚЫЗ ЖӘНЕ ЖІ-ПІТ» деген жаңа кинокомедия көрсете бастайды.

Фильмді Алматы киностудиясы, 1955 жылы жасап шығарған.

## МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОНАН ӘРІ ӨРКЕНДЕТУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

1955 жылғы 30 июльде Днепропетровск қаласында Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының 46-негізгі тиражы өткізіледі.

Тиражда осы заемның 7 разрядына мынадай ұтыстар шығады:

50.000 сомнан	14 ұтыс
25.000 сомнан	35 ұтыс
10.000 сомнан	175 ұтыс
5.000 сомнан	560 ұтыс
1.000 сомнан	4.900 ұтыс
400 сомнан	53.816 ұтыс

Барлығы 32.551.400 сомның 59.500 ұтысы ойналады.

Заем облигациялары барлық жыйнақ кассаларында сатылады және сатып алынады.

Облигацияның 200 сомдығы мына бағалар бойынша сатылады:	
1 июльге дейін	203 сом.
июльдің 1-нен 15-не дейін	204 сом.
июльдің 16-нан 30-на дейін	205 сом.

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облигацияларын сатып алыңыздар!

Қазақстан КП Петропавл қалалық комитеті марксизм-ленинизм кешкі Университетіне 1955-1956 оқу жылына тыңдаушылар қабылдайды.

Университетте оқу мерзімі 3 жыл.

Арыздар күн сайын (демалыс күнін қоспағанда) таңертеңгі сағат 10-нан кешкі сағат 7-ге дейін қабылданады.

Оқу осы жылғы 1 сентябрьде басталады.

Университеттің адресі: Ленин көшесі, 57-үй. ҚКП қалалық комитетінің кітапханасы.

Қазақстан КП қалалық комитеті.

Петропавл станциясы вагон құрастырушылар, тіркеушілер, стрелка тазартушылар және таразышылар даярлайтын курстарға оқушылар алады.

Оқуға қабылданғандар арнаулы киіммен, отынмен және жол жүру үшін тегін билетпен қамтамасыз етіледі.

Оқуға қабылдау тәртібі жөнінде вокзалдың жөн-жоба алу бюросы арқылы Петропавл станциясының кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-89, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00817.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.